



БОЛАШАҚТЫҢ
ШАҒАРЫ

7-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҚАСИЕТІ ДАРА
ҚАЛАҒА

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Астана – болашағы зор қала. Елордамыз, ең алдымен, тұрғындарға ыңғайлы қала болуы керек. Әлемдік саясатшылар Астананы бейбітшілік алаңы дейді. Келешекте де Астана біздің геосаяси аймақтағы маңызды орталық ретінде дами бермек. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы үш есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай екі миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Қазір қала экономикасы елдегі жалпы ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрайды.

№152
(4585)
Сенбі
23 желтоқсан
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



4-5

ЕЛОРДА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕР

Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне баланған Астана бүгінгі таңда ел экономикасының драйверіне де айналып отыр. Бас қаланың жалпы өңірлік өнімділігі 4,1 пайызға өсіп, 4 триллион 753 миллиард теңгені құрады. Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде елорданың биылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек баяндады.

ОН БЕС ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ САЛЫНАДЫ

Астанада 2029 жылға дейін 15 оқушылар сарайын салу жоспарланып отыр. Олардың ішінде 5-еуінің құрылысы алдағы жылы басталады.

Жаңадан ашылатын 5 оқушылар сарайы Сарыарқа ауданындағы Ақан сері және С-189 көшелері, Алматы ауданындағы Төлебаев және Бұрабай көшелері, Байқоңыр ауданының Тайбурыл және Игілік көшелері, Есіл ауданының Түркістан және Бұқар Жырау көшелері, Нұра ауданының Ш.Айтматов және Қ.Мұхамедханов көшелері аумағында орналасады.



КАНИКУЛ ҚАНША КҮН?

Мектеп оқушылары 2023 жылдың 29 желтоқсаны мен 2024 жылдың 7 қаңтары қысқы демалыста болады.

Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың қысқы демалысы мен бос уақытын тиімді өткізу мақсатында жергілікті білім басқармаларына «Бірыңғай білім беру бағдарламасына» негізделген іс-шаралар жоспарын ұсынды.

Іс-шаралар жоспарында «Балалар кітапханасы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Оқу мектебі», «Ата-ана мектебі», «Қыз намысы – ұлт намысы», «Ұлттық ойын – ел қазынасы», «Бала тәрбиесіндегі әкенің орны», «Дарынды отбасылар» және басқа да рухани-спорттық жобалар қамтылған.



ШЕТЕЛДІК КӨЛІКТІ ЗАҢДАСТЫРЫП АЛЫҢЫЗ

Елімізде шетелдік нөмірмен жүрген автокөліктерді жыл соңына дейін заңдастырып, тіркеуге мүмкіндік берілді.

Үкіметтің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан аумағына әкелінетін көліктердің жекелеген санаттарын бастапқы тіркегені үшін алым мөлшерін қолдану және жеке тұлғаларды кеңейтілген міндеттемелерінен босату қағидасына өзгеріс енгізілді.

Атап айтқанда, көлік құралдарын Қазақстан аумағына әкелген жеке тұлғаларды ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерінен босатып, бастапқы тіркегені үшін 200 мың теңге мөлшеріндегі алым мөлшерлемесін қолдануға қатысты тармақ өзгертілді.

Өтініштер 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қабылданған. Енді сол мерзімге дейін берілген өтініштер 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қаралатын болады.



БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес-қоғамдастық өкілдерімен кездесу өткізді. Жиын барысында ұлттық экономиканы сапалы әрі орнықты дамытудың өзекті мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, кәсіпкерлер макроэкономикалық саясат, соның ішінде жаңа Салық кодексінің әзірлеуге және экономиканың нақты секторына қолжетімді несие беруге қатысты пікірлерін ортаға салды. Эконо-

миканың жаңа құрылымын қалыптастыру аясында жүйелі цифрландыру, көлік-логистика саласын белсенді түрде дамыту, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толыққанды пайдалану, экономиканы индустриялан-

дыру, әсіресе, отандық автомобиль өнеркәсібін ілгерілету мәселелері көтерілді. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі айтылған ұсыныстардың барлығы жинақталып, нақты іс-шаралар қабылданатынын айтты.

НЕМІС КӘСІПОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

Астаналық мәслихат депутаттары Германияға ресми сапарының соңғы күнінде бірқатар кәсіпорындарға барды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Сондай кәсіпорындардың бірі – жолаушылар мен жүктерді тасымалдау қызметін көрсететін «Deutsche Bahn» компаниясының логистикалық орталығы. Компанияның штаты 330 мың адамнан асады. Оның негізгі бизнесі Германияда шоғырланған, онда концерн теміржол және автобус жолаушыларын тасымалдаумен, сондай-ақ жүктерді теміржол

арқылы тасымалдаумен айналысады. Осы жылдың жазында қазақстандық-германдық бизнес-форумда «Самұрық-казына» мен «Deutsche Bahn» еншілес компаниясы - «DB Engineering & Consulting GmbH» арасындағы Жолаушылар тасымалы және көлік-логистикалық кешенді дамыту саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. 90 гектар

аумақта орналасқан «Cleantech businesspark» индустриялық-инновациялық технологиялық паркінің жұмысымен таныстық. Бір қызығы, ол бұрынғы ағынды су қоймасы негізінде жасалған. Қызықты және пайдалы тәжірибе, көптеген өндірістердің процесін іс жүзінде бақылауға мүмкіндік беретін соңғы әзірлемелерді көрдік» деп жазды Е.Каналимов.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 26 желтоқсанда сағат 11.00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына мынадай сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы.
2. Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы.
3. Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы.
4. «Астана кәсіпкерлігі» кәсіпкерлікті дамытудың 2023-

2027 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын бекіту туралы.

5. «Астана қаласы әкімдігінің автокөліктік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы.

6. Астана қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды анықтау туралы.

7. «Астана қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы

№104/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

8. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

9. «Нұр-Сұлтан қаласын дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиясы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 450/57-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

АҚШ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Дэниел Розенблюмді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты қатынастарды дамытуға, сондай-ақ жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі ел қауіпсіздік, орнықты даму, климат пробле-

масы, гуманитарлық байланыс және басқа да көптеген сала бойынша ынтымақтастық орнатқан.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты екіжақты қатынастардың негізгі тірегі ретінде атап өтіп, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақта-

стықты кеңейту, соның ішінде Инвестиция тарту жөніндегі кеңес қызметі аясында нығайту қажет екенін айтты. Сонымен қатар кездесуде сауда, көлік, логистика, «жасыл» энергетика, экология, тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларындағы байланыстарды арттыру мүмкіндіктері талқыланды.



«АЛТЫН ТҰҒЫР» СЫЙЛЫҒЫН ТАПСЫРДЫ

Астанада ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының ұйымдастыруымен «Алтын тұғыр» жұлдесінің он жылдық мерейтойы аясында ұлттық спорт түрлері бойынша үздік спортшылар мен жаттықтырушылар марапатталды.

Жиынға Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, сондай-ақ ҚР Парламентінің депутаттары мен қоғам қайраткерлері қатысты. Салтанатты кешке Қазақстанның барлық аймақтарынан спорт федерацияларының басшылары, спортшылар, жаттықтырушылар мен ұлттық спорт жанкүйерлері де жиналды. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драма театрында өткен салтанатта Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау сөзін Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Аманат партиясының жетекшісі Ерлан Қошанов оқыды. Қауымдастық жұлде иегерлерін құттықтап, ел тұрғындары арасында ұлттық спорт түрлерінің танымалдылығы артып келе жатқанын атап өтті. «2024 жылы біз барша қазақстандықтарды салтанаттықпен бірігіп, біздің мәдениетімізге



деген құрметпен бірге ұлттық спорт түрлерімен белсенді айналысуға шақырамыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстанда ұлттық спорттың жүйелі дамуын қолдайды. Президент бастамасымен келесі жылы Астанада 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Осындай іс-шаралардың арқасында елімізде

ұлттық спортпен шұғылданатын қазақстандықтардың саны жыл сайын артып келеді. Біздің қауымдастық өз тарапымыздан ұлттық спорт түрлерін дамытып, кеңінен насихаттауды жалғастыра береміз» деді И.Салжанов. 2023 жылы он номинация бойынша «Алтын тұғыр» сыйлығының иегерлері анықталды.

ЖАҢА ҒИМАРАТ АШЫЛДЫ

Астанада Б.Момышұлы атындағы мектеп-лицейінің жанынан жаңа ғимарат ашылды. Ашылу салтанатына қамқоршылық кеңестің өкілдері, педагогтар, ата-аналар мен мектеп оқушылары қатысты. Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде мектепке түсетін артық жүктеме азайып, білім мекемесінің үш ауысымды проблемасы шешілді.

«Бүгін Б.Момышұлы атындағы № 53 мектеп-лицейінің жаңа корпусының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шамамен 3 жыл бойы біздің мектеп үш ауысымда жұмыс істеп келді. Осыған байланысты көптеген мәселелер туындады. Бұл проблема 1000 оқушыға арналған жаңа корпус ашылғаннан кейін

шешіліп отыр. Осылайша, мектеп енді үш ауысымды режимде сөз сөйлеген Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің директоры З.Қиянова. Мектепте екі ауысымда 950 бала оқи алады. Ғимаратта 90 кабинет бар. Олардың әрқайсысы толық жабдықталып, ба-

лалар үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Екі спорт залы, екі асхана, медициналық кабинет, химия, биология, информатика, физика кабинеттері жабдықталған. Сондай-ақ мектеп ауласында баскетболға, волейболға және футболға арналған спорт алаңдары жаңартылды.



ҮЗДІК СПОРТШЫЛАР ҮКІЛЕНДІ

Биыл астаналық спортшылар республикалық және халықаралық жарыстардан 6 072 медаль жеңіп алды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Астаналық спортшылар 2 245-сі – алтын, 1 952-сі – күміс және 1 875-сі қола медаль иеленді. Үздік спортшыларды марапаттау рәсіміне Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, атақты спортшылар мен спорт функционерлері қатысты.

Спортшылар мен жаттықтырушыларды, спорт мекемелерін марапаттау рәсімінде сөйлеген Есет Байкен 2023 жылы елорданың спорт саласында жеңісті сәттердің көп болғанын атап өтті. Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Азия Пара ойындарында елордалық спортшылар ел қоржынына 2 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль түсіргенін, сондай-ақ әлем чемпионаттары мен Азия ойындарында жеңіске жеткенін еске салды. Сонымен қатар Астана қаласында спорттық инфрақұрылымдарды дамыту бойынша

көптеген жұмыстардың атқарылып жатқанын айтты.

Астана қаласы бойынша ерлер арасында «Жыл спортшысы» номинациясы бойынша Нұрбек Оралбай (бокстан әлем чемпионы), әйелдер арасында Жәмила Бақбергенова (әйелдер күресінен әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия ойындарының күміс жүлдегері) үздік болып танылды.

Пара спорт түрлері бойынша әйелдер арасында жыл спортшысы болып Ақмарал Науатбек (пара дзюдодан әлем чемпионы, Азия Пара ойындарының жеңімпазы), ерлер арасында Ергали Шәмей (пара дзюдодан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия Пара ойындарының жеңімпазы) үздік болып танылды, Гүлнар Базарәліева (Тоғызқұмалақтан халықаралық дәрежедегі спорт шебері) «Ұлттық спорт түрлері бойынша жылдың үздік спортшысы» атанды.

«Жылдың үздік бапкері» сыйлығы-

на Асқар Еркебаев (бокстан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы), «Жылдың үздік пара бапкері» сыйлығына Дәурен Оразов (пара дзюдодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы) ие болды.

«Жылдың үздік федерациясы» номинациясында – Астана қаласының ұлттық және Олимпиадалық ат спорты түрлерінің федерациясы, «Жылдың үздік балалар және жасөспірімдер мектебі» номинациясында Мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебі топ жарды. «Жыл серпіні» сыйлығы Нұржан Батырбековке (джиу-джитсудан Азия ойындарының чемпионы) және қайта құрылып, бірінші лигада жүлдегерлер қатарына көрініп, Премьер-лигаға шыққан «Жеңіс» футбол клубына берілді.

Азия ойындарының күміс жүлдегері, джиу-джитсу шебері Галина Дувановаға бір бөлмелі пәтер сыйға берілді.

«Жыл меценаттары» болып Дмитрий Инотин, Асхат Мұқашев, Әсет Нұрғожи және Қуаныш Нұртақов аталды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР СЕМИНАРЫ



Елордада мемлекеттік қызметшілерге арналған семинар өтті.

Астана қаласы Дін істері басқармасының қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы өткізген семинарда дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары айтылып, діни экстремизмнің алдын алуда мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру, халықтың деструктивті діни ағымдарға қарсы иммунитетін

дамыту, сондай-ақ орталық және өңірлік мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын жақсарту туралы талқыланды.

Астана қаласы Дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев семинарды ашып сөйлеген сөзінде «бүгінгі семинар алдымызға діни экстремизм идеяларының табиға-

тын, оның себептері мен қарсы тұру тетіктерін терең түсіну міндетін қояды. Біз осы күрделі қиындықтарды жақсы түсіну және олармен күресудің тиімді стратегияларын анықтау үшін білім мен тәжірибе алмасуға ерекше мүмкіндікке иеміз» деп атап көрсетті.

Семинар 2 секцияға бөлінді. Бірінші секцияның отырысы құқық қорғау органдарының өкілдері үшін ұйымдастырылды, екінші секция өңірлік және орталық мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін ұйымдастырылды.

САУДА ОРЫНДАРЫНДА РЕЙД ӨТКІЗДІ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті полиция қызметкерлерімен бірлесіп, мереке қарсаңында қаланың сауда нысандарында елорда тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін профилактикалық рейд өткізді. Бұл туралы әкімдіктің ресми сайты ақпарат таратты.



Акция аясында департамент өкілдері қала тұрғындарына өрт қауіпсіздігіне қатысты маңызды іс-шараларды, пиротехникалық бұйымдарды пайдалану ережелерін және алғашқы көмек көрсетудің қажетті дағдыларын түсіндірді. Сонымен қатар, тұрғындарға пиротехниканы қауіпсіз пайдалану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулар мен өрт қауіпсіздігі бойынша ұсынымдар бар арнайы жадынамалар таратылды.

«Өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес пиротехникалық бұйымдарды сату мамандандырылған дүкендерде немесе бөлімдерде ғана рұқсат етіледі, олар ғимараттардың жоғарғы қабаттарында орналасуы және эвакуациялық шығатын орындардың жанында болмауы керек. Пиротехникалық бұйымдар өртке қарсы бөлімдер бөлген үй-жайларда орнатылған металл шкафтарда сақталуы тиіс. Жаңа жылдық мереке қала тұрғындары үшін қауіпсіз болуы керек» деп атап өтті Сарыарқа ауданының Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері аға лейтенант Мирас Талғатұлы. Пиротехниканы 16 жасқа дейінгі балаларға сатуға тыйым салынатыны мәлім.

3500 РЕЙС ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

Елорданың коммуналдық қызметтері күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, өткен түнде елорда көшелерінен қар полигондарына 50 мың текше метрден астам қар шығарылды, осы мақсатта 3585 жүк рейсі жасалды. Астанада 2,3 мыңнан

астам жол жұмысшы мен 1600-ге жуық арнайы техника қар күреуге жұмылдырылды. Қыс мезгілінің басынан бері елордадан 335 мың текше метрден астам қар шығарылды, бұл 24 363 ауыр жүк көлігіне тең.



ЕРІКТІЛЕР ҚАРТТАРҒА КӨМЕКТЕСТІ

Елордада «10 игі іс» акциясы аясында көптеген іс-шаралар өткізілуде.



Байқоңыр ауданы әкімдігінің бастамасымен «Астана жастары» КММ волонтерлері жалғызбасты зейнеткерлердің, ҰОС және тыл ардагерлерінің ауласын қардан тазартуға көмектесті. Волонтер Темірлан мұндай акциялар қарияларға құрмет көрсетудің бір белгісі екенін айтады. «Жыл сайын аудан әкімінің бастамасымен жалғыз тұратын және мұқтаж қарияларға көмек көрсетіліп келеді. Мереке қарсаңында мұндай акция қала тұрғындарын қуантатыны сөзсіз. Үй ауласындағы қарды тазалау арқылы волонтерлер қариялардың ақ

батасын алып жатыр. Елордада өтіп жатқан осындай акцияларға барлық волонтерлерді қатысуға шақырамын» дейді ол.

Игі іс барысында қарияларға азық-түлік салынған себет пен шағын жаңа жылдық тәттілер тарту етілді. Қариялар өз кезегінде жастарға жасаған қолғабыстары үшін алғыстарын білдірді. Қайырымдылық іс-шарасы барысында волонтерлер осындай бірнеше мекенжайға барып, қар тазалады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, дәстүрлі акция әлі де жалғасын табады.

ЛИФТІНІҢ МОНИТОРЫН БҰЗҒАН

Астаналық полицейлер вандализммен және қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресті жалғастыруда.

Жуырда тағы бір вандал қолға түсіп, жауапкершілікке тартылды. Бұл ақпаратты қала әкімдігінің ресми сайты таратты. Достық көшесіндегі үйлердің біріндегі лифтіде тұрған белгісіз адам мониторды бұзып кеткен. Осылайша ол лифт компаниясына зиян келтірді. Полиция 25 жастағы адамды анықтады. Ол ҚР ӘҚБтК 147-1-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке

тартылды. Астананың әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының шешімімен бұзақы бес тәулікке қамауға алынды.

2023 жылдың басынан бері астаналық полицейлер вандализмге қатысты 100-ден астам фактіні анықтады. Қала бойынша күн сайын 2 мыңнан астам полиция қызметкері патрульдік кезекшілік атқарады.

ЕЛОРДА – ЕЛДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДРАЙВЕРІ

Орталық коммуникациялар қызметінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Елдің өзге өңірлері елордаға қарап бой түзейді. Сондықтан Астана қаласы өз тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық тұрғыда кемелденуінде дұрыс бағыт-бағдар алып, өзгелерге үлгі көрсетуі тиіс. Сонда ғана елорда мен ел біртұтас ілгерілеп, өркендеудің даңғыл жолына түседі.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БАР

– Астана – елдің экономикалық драйверіне айналды. Мұны елорданың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінен аңғаруға болады. Жалпы өңірлік өнім 4,1 пайызға өсіп, 4 триллион 753 миллиард теңгені құрады.

Әрине, бас қаланың экономикалық тұрғыда ілгерілеуінде шағын және орта бизнес оң серпінге ие болып, жаңа жұмыс орындары құрылып, бастысы, инвестиция тарту деңгейі артқанынан көруге болады. Нақты дерекке сүйенетін болсақ, инвестиция көлемі 4,7 пайызға өсіп, шамамен 1,3 триллион теңгені құрады. Ал белсенді кәсіпкерлік субъектілерінің саны 14,6 пайызға өсіп, 230 мыңнан асты. Бөлшек тауар айналымының көлемі 9,4 пайызға өсіп, шамамен 2,2 триллион теңгеге жетті, – деп бастады баяндамасын Жеңіс Қасымбек.

Елорданың сәулеттік келбеті көркейіп, өркендеп өсуінде құрылыс саласы шешуші рөлге ие, тіпті экономиканың негізгі драйвері саналады. Мәселен, құрылыс жұмыстарының көлемі 4,9 пайызға өсіп, 3,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Әкім осы бағыттағы жұмыстарды да ұмыт қалдырмай:

– Биыл жеңілдетілген мемлекеттік бағдарлама бойынша азаматтардың әртүрлі санаты үшін 5200 пәтер беру туралы міндет қойдық. Оның ішінде жетім балалар, көпбалалы аналар, әлеуметтік осал азаматтар, сонымен қатар жұмыс

істейтін жастар. Қазір құжатты рәсімдеу бойынша тиісті жұмыстар жүзде. Келесі жылдың басында кезекте тұрғандар өз үйіне кіреді, – деп жағымды жаңалығымен бөлісті.

ОҢТАЙЛЫ ШЕШУ ЖОЛЫН ІЗДЕЙМІЗ

Бас қаланың басшысы әр саладағы ілкімді істермен бірге, негізгі мәселелерді жасырмай, оларды шешу жолын талдады.

– Реновация бағдарламасы бекітіліп, 2029 жылға дейін 206 апатты үйден 4710 тұрғын үй иесін көшіру жоспарланды. Алғашқы 3 апатты үйдің тұрғындары көшірілді. Астана қаласында тығыз салынған тұрғын үйлер қазірдің өзінде бірқатар мәселені алдымызға шығарды. Қала тұрғындары наразылық білдіріп, жедел шешімді талап еткен 20-дан астам нысан болды. Соған сай қаланың бас жоспарына егжей-тегжейлі өзгеріс енгізілді. Барлық шешім қала белсенділерінің қатысуымен қабылданды. Тығыз құрылыс объектілері аумағында мектеп, білім беру орталықтары мен денсаулық сақтау мекемелері сынды 8 әлеуметтік нысан және 9 қоғамдық кеңістік салу жоспарланды. Қалған нысандар бойынша сот шешімін күтіп отырмыз, – деді қала әкімі.

Бұған дейін газетімізде жосықсыз құрылыстың зардабы мен залалы туралы жан-жақты сараптап, бірнеше мақала берген едік. Әкім тұрғындардың өтініш-тілегіне назар аударып, жосықсыз құрылыс жүргізуді заңды тұрғыда шектеп, ендігі уақытта құрылыс компаниялары әлеуметтік инфрақұрылым жүргізбей, тұрғын үйлерді салуға рұқсат бермейтінін

айтты. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы осылай жүзеге асса керек-ті.

– Жыл басында 4 мыңнан астам үлескердің баспанасын қамтыған 16 проблемалық нысан анықталды. Бүгінде 3,6 мыңға жуық салымшы пәтер кілтін алды. Келер жылдың бірінші жартыжылдығында қалған үлескерлерге пәтер кілті табысталады.

Енді инженерлік инфрақұрылым бойынша тоқталсам, елорданың жаңа аудандарын жылу энергиясымен қамтамасыз ететін №3 ЖЭО төртінші қазандығы және Тұран және Оңтүстік-Шығыс газ жылу станциясы іске қосылды.

2024 жылы қаланы тағы 5 жыл бойы жеткілікті жылумен қамтамасыз ететін Тельман газ-жылу станциясының бірінші кезеңін мен Тұранның станциясының екінші кезеңін пайдалануға беру жоспарланды, – деді бас қаланың басшысы.

2022 жылғы жылыту маусымында 432 Гкал жылу тапшылығы болды. Биыл үш жылумен жабдықтау нысанының құрылысы аяқталғандықтан, жағдай керісінше, профицитке шығып тұр. Іске қосылған №3 ЖЭО қалаға сағатына 440 Гкал береді. №3 ЖЭО сол жағалаудың бір бөлігін және жаңа салынып жатқан аудандарды жылумен қамтиды.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында суды тиімді пайдалану және ресурс ретінде бағалау саясатын жүргізуді тапсырды. Озық елдерде адамның өмір сүру сапасы – ауызсудың сапасымен өлшеніп, керек болған жағдайда, Антарктидағы мұздықтарды ауызсу ретінде тұтынуға жағдай жасайды. Яғни бірінші кезекте халқына сапалы сумен қамтамасыз етуді басымдық етеді. Тіпті тұрмыстық және ауыл шаруашылығы секторына керекті суды тиімді пайдалану жолын қарастырып, қолда бар су ресурсын қорғап, оны цифрлы технологияны қолдану арқылы өндіріп, тасымалдау тәсілін жаңғыртуды және үнемдеуді жолға қояды.

Ел бойынша 90-95 миллиард текше метр жерасты су қоры бар десек, оның 55-60 пайызы өзен-көлдермен тікелей байланысты. Қазақстандағы судың 42 пайызы трансшекаралық өзендер – Жайық, Ертіс, Іле, Талас, Сырдария өзеніне тиесілі. Олар басын Ресей, Қытай және Орта Азия елдерінен алады. Ал, Астана қаласына таудағы мұздықтар да, ағынды өзендер де тән емес.



Сондықтан елорданың даму перспективаларын ескеріп, су мәселесін шешу өте өзекті. Қала әкімі осы бағыттағы жұмыстарды айтты.

Биыл жаз айларында қалада су тапшылығы орын алғаны белгілі. Әкім келесі кезекте ауызсуды шешу бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Қалада тұрғын үй санымен бірге, қала халқының саны артып, жыл сайын 50-60 мың адамға көбеюде. Соған сай суды тұтыну көлемі артуда. Мұның әсерін жаздың басында сезініп, су тапшылығы орын алды. Мәселені шешу үшін маусым айында Астана су қоймасынан қосымша құбыр желісі іске қосылды, бұл тәулігіне қосымша 90 мың текше метр су береді.

Үшінші сорғы-сүзгі станциясының құрылысы аяқталды. Қазір елордада су тапшылығы жоқ. Келешекте су тапшылығы болмау үшін су құбырының екінші желісін тарту жұмысы жүргізілуде. Нұра жерасты суы кен орнының су құбырын жобалау, сондай-ақ Тельман сорғы станциясын кеңейту жобасы аяқталуда. Бұл жобалар 2030 жылға дейін қаланы тұрақты сумен қамтамасыз етуге жетеді, – деді Жеңіс Қасымбек.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМИДЫ

2000 жылы Астана қаласында 381 мың тұрғын болса, арада 20 жыл өткенде халық саны

1 миллионнан асты. Нақты айтатын болсақ, 2020 жылы 1 миллион 160 мыңға жетті. 2021 жылы – 1 миллион 212 мың, ал 2023 жылы 1 миллион 354 адамға жетті. Алдағы 10 жылда елордалықтар саны 2 миллион 300 мың адамға дейін өседі деп күтілуде. Адам санымен бірге автокөлік саны да артауы белгілі. Сондықтан жол инфрақұрылымын талапқа сай дамыту, қоғамдық кеңістіктер құру сынды мәселелер бірінші орынға шығатыны анық. Адам капитал әрбір мемлекеттің ұлттық байлығына айналған кезде, қала тұрғындарына ыңғайлы жағдай қалыптастыру маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту туралы кеңесте осыны ескерткен еді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сай Бірыңғай көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленді. Яғни жол қауіпсіздігін жақсарту, автокөлік кептелісін азайту және көлік қозғалысының қоршаған ортаға әсерін төмендету міндеті тұр. Биыл 72 көшеге орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. Әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін жаңа көпірдің ашылуы Түркістан, Ақмешіт және Мәңгілік ел көшесіндегі көлік ағымын 15 пайызға төмендетті. Келесі жылы Тәуелсіздік даңғылын Қабанбай батыр даңғылына шығатын тұсына дейін ұзартамыз. Айтматов көшесінің ашылуы Сығанақ көшесі мен Ұлы дала даңғылының аралығындағы Тұран даңғылындағы көлік кептелісін айтарлықтай азайтып, көлік жүктемесін 12 пайызға дейін қысқартады. Кенесары мен Қорғалжын тас жолын байланыстыратын жаңа көпірдің құрылысы келесі



«ТҰРАН» ЖӘНЕ «ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС»
ЕКІ ГАЗ ЖЫЛУ СТАНЦИЯСЫНЫҢ
МЕН ЖЭО-3 БІРІНШІ КЕЗЕГІНІҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ, БҰЛ ҚОСЫМША
1130 ГКАЛ ЖЫЛУ ҚУАТТЫЛЫҒЫН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ.
БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ЖЫЛУ
ПРОФИЦИТИМЕН БАСТАП ОТЫРМЫЗ.





«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ БОЙЫНША 90 МЫҢ ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН 24 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

жылы басталады. Сонымен қатар, кіші айналма жолдың құрылысы жүргізіледі, – деді Жеңіс Махмұдұлы.

АВТОБУС САНЫ АРТТЫ

Астана қаласы Полиция департаментінің дерегіне қарағанда, 2019 жылы 264 мың автокөлік тіркелсе, 2023 жылы мамыр айында көлік саны 420 мыңға жетті. Бұған іргелес ауылдар мен аудандардан келіп жұмыс істейтін мыңдаған адамды және қонақ ретінде келіп-кететін жүздеген жүргізушіні қоссаңыз, бас қалада күнделікті 700-800 мың автокөлік жүреді. Екінші жағынан, қала тұрғындарының басым көпшілігі қоғамдық көліктерді тұтынады. Бұл – көшелерді кеңейтіп және көпірлер салумен қатар, автобус санын арттырып, жаңа бағыттарды ашудың маңызын көрсетеді.

– 2023 жылы 6 жаңа бағыт іске қосылып, 400 жаңа автобус сатып алынды. Соның нәтижесінде көлік паркінің 30 пайызын жаңарттық. Біз мұнымен тоқтап қалмай, 2024 жылы қоғамдық көліктер паркіне тағы 200 жаңа автобус қосамыз.

Қоғамдық көліктермен бірге қоғамдық кеңістіктер санын арттыру маңызды. Бұл – Президенттің тікелей тапсырмасы. Биыл 165 қоғамдық және аулалық аумақтарды абаттандыру жұмысы аяқталды. Оның ішінде 45 жасыл аймақ, оның ішінде екі саябақ, 10 сквер бар. 33 қоғамдық кеңістік құру, «жасыл белдеу» қалыптастыруда 1 миллионға жуық көшет отырғызылды.

2024 жылы Бейбітшілік және келісім сарайының



артындағы саябақты қайта жаңғыртуды, Есіл өзенінің бойында тақырыптық аймақтар құруды, Мәңгілік ел даңғылын кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Бірыңғай абаттандыру тұжырымдамасы аясында Урбанистика орталығымен бірлесіп, Астана қаласын абаттандырудың хартиясы әзірленді. Бұл құжат құрылыс салушылар мен жылжымайтын мүлік иелеріне арналған абаттандыру ережелерін қамтитын ережелер жиынтығын қамтиды, – деді шаһар басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА – НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ

Өзге өңірлерді қайдам, ел орталығында мектептердің сыйымдылығы мәселеге айналды. Қазір қалада 8 мектеп үш ауысымда жұмыс істейді. Осы мәселені шешуге бағытталған



Оңалхан ӨНЕРХАН

Тағы бір мәселе – медицина инфрақұрылымын дамыту. Бұл бойынша 2024-2027 жылдар аралығында 12 нысан салынады. Оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпсалалы аурухана (оның 1-еуі – балалар ауруханасы), 3 мемлекеттік және 5 жеке емхана салынады.

25 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Халықаралық еңбек ұйымының «Жаһандық жұмыспен қамту және әлеуметтік перспективалар: 2023 жылғы трендтер» баяндамасына сәйкес, 2022 жылдың аяғында дүние жүзінде жұмыссыздар саны 205,2 млн адамды құрады. Халықаралық ұйым бұл көрсеткіш 2023 жылы тағы 3 миллионға артқанын мәлімдеді. Яғни әлем елдерінде жұмыссыздықты шешу – өзекті мәселе. Бұл еңбек мигранттарының ағымы қалыптасуға әсер етеді. Астана қаласы бұл мәселені оңтайлы шешіп, тұрақты жұмыс орындарын құруда белсенді іс атқаруда.

– Жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрайды, бұл республикалық орташа көрсеткіштен 4,7 пайызға төмен. Биыл жұмыспен қамту шараларымен 24,1 мың адам қамтылды.

Жұмыссыздарға көмектесу және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесетін «JOLTA» жобасын іске қостық. Соның аясында «Баршаға мүмкіндік» модульдік бекеттері арқылы тұрғындар кірісті арттыру туралы кеңес алды.

Соңғы үш жыл ішінде 30 мыңға жуық адам сұранысқа ие цифрлық және жұмыс мамандықтары бойынша дағдылар алады, – деді қала басшысы.

ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР БАР

Келешекті болжау мен жоспарлау – маңызды міндет. Онсыз тұрақты даму қиын. Сондықтан Астана қаласының әкімдігі алдағы онжылдықтағы дамуың стратегиялық бағытын айқындап, соған сәйкес жүйелі жұмыс жүргізуі керек. 2035 жылға қарай елордада халық саны екі есе көбейеді. Әлеуметтік инфрақұрылым: мектеп, балабақша, емхана, аурухана, спорт кешенін соған сай салып, көлік-логистика жүйесін уақыт талабына сай шешуді міндеттейді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бас қаланың Бас жоспарын 2035 жылға дейін түзіп, әр салада атқарылатын бастамалар белгіленгенін сөз етті.

Ұзақ жылдық жоспардың негізгі мақсаты – демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, көліктік, инженерлік инфрақұрылым мәселелерін дер кезінде шешу. Астана қаласының аумақтарын функционалдық аймақтарға бөлу және пайдалануды шектеу, аумақтық табиғи және техогендік құбылыстар мен процестердің қауіпті әсерінен қорғау, экология жағдайын жақсарту, көше-жол желісінің одан әрі жетілдіру және тағы басқа шаралар қамтылады.

Жоспарға сай тұрғын үй қоры екі есеге артып, 68 миллион шаршы метрден асып, 2035 жылға қарай 178 жаңа балабақша мен 164 мектеп, 93 денсаулық сақтау мекемесі салынады. Қысқасы, жүйелі жоспар бар, тек ондағы басымдықтарды сапалы атқару қажет.



ӘЛ-ФАРАБИ ДАҢҒ. ТӘУЕЛСІЗДІК ДАҢҒ. ЖАҢА КӨПІРДІҢ АШЫЛУЫ ТҮРКИСТАН, АҚМЕШІТ, МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖӘНЕ т.б. КӨШЕЛЕРГЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТТЫ



165 АУЛА МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТІ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ, ҚАЛА АУМАҒЫ МЕН «ЖАСЫЛ БЕЛДЕУДЕ» 1 МЛН ЖУЫҚ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЕГІЛДІ



ҮШ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ 30 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ «JOLTA» ЖОБАСЫ АРҚЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ДАҒДЫЛАРДЫ ИГЕРЕДІ

ТҰРҒЫНДАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Брифингтегі кіріспе сөзі біткен соң Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек залға жиналған және онлайн қатысқан журналистер сұрақтарына жауап берді. Солардың арасынан бірқатар сұрақтар мен оған әкімнің жауабын ұсынамыз.

– ТАЛДЫКӨЛ АЙНАЛАСЫНДА РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ САЯБАҚТАР САЛЫНАДЫ ДЕГЕН АҚПАРАТ БОЛДЫ. ОЛАР ҚАШАН ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛУІ МҮМКІН?

– Талдыкөл бойынша тамыз айында Жоғарғы Соттың соңғы шешімі шықты. Үш учаскеде жұмыстарды жалғастырамыз. Бесінші учаске бойынша сіз айтқандай саябақтар салынады. Ол жұмыстарды біз келесі жылы

құрылыс мерзімі басталғанда жүргіземіз. Басқа № 7,9 учаске-лерде абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүреді. Нақты барлық саябақтар 1-2 жылда салынып бітеді.

– ҚАЛАНЫҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДА КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР. ОСЫ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ҮШІН ЛРТ САЛЫНЫП ЖАТЫР. БІРАҚ ЖАЛПЫ КӨЛІК КЕПТЕЛІСІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАЛАНЫҢ КӨЛІКТИК ИНФРАҚҰРЫЛЫ-МЫН ҚАЛАЙ ЖОСПАРЛАП ОТЫРСЫЗДАР?

– Биыл Тәуелсіздік пен әл-Фараби көшелерін қосатын көпір салынды. Ол Мәңгілік ел көшесі бойынша кептелісті 15-20 пайызға азайтты. Келесі үлкен көпір «Radisson» қонақ үйі мен М.Нәрікбаев атындағы университет арасынан өтетін болады. Оның құрылысын екі жылда аяқтаймыз. Бұл көпір Қорғалжын мен Тұран даңғылдарындағы кептелісті азайтады. ЛРТ жұмыстары биыл басталды, біздің жоспарымыз бойынша 2,5 жыл ішінде құрылыс аяқталады. Бұл көлік кептелісі мәселесін

шешуге үлкен үлес қосады деп есептейміз. Сондай-ақ келесі жылы Қабанбай батыр даңғылына шығатын Тәуелсіздік даңғылының жалғасы салына бастайды. Ш.Айтматов көшесінің ашылуы Сығанақ көшесі мен Ұлы дала даңғылы арасындағы Тұран даңғылындағы көлік жүктемесін айтарлықтай төмендетті, бұл көлік жүктемесінің 12% төмендеуіне әкелді. Сонымен қатар шағын айналма жолдың құрылысы жүріп жатыр.

– ЕЛОРДАДА БАЛАБАҚША ТАПШЫЛЫҒЫ БАР, ЖЕКЕ ИНВЕТОРЛАР БАЛАБАҚШАЛАР САЛУДА, БІРАҚ ОЛАРДЫҢ БАҒАСЫ ҚЫМБАТЫРАҚ. БҰЛ МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ? СОНДАЙ-АҚ ҚАЛА АВТОПАРК-ТЕРІН ЖАҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

– Өткенде айтып кеткендей, 2017 жылдан бастап әкімшілік тарапынан балабақшалар салынған жоқ. Келесі жылдан бастап бұл бағдарламаны қайта бастаймыз. Жалпы алдағы 2-3 жылдың ішінде 60 мемлекеттік балабақша салынады. Қосымша жекеменшік балабақшалар да болады, 2024 жылы біздің жоспарға сай 10 балабақша ашылады.

Соның 50 пайызы қала бюджеті арқылы, қалғаны жекеменшік негізде тұрғызылады. Автопаркты жаңарту бойынша биыл біз 400 автобус сатып алдық, оның 100-ін жекеменшік 5 автопарк, қалған 300 автобусы №1 коммуналдық автопарк сатып алды. Келесі жылы 6 автопарк 300 автобусы қосымша сатып алайын деп отыр.

Сұлтан СЕЙІТ



– Қ.МҰҢАЙТПАСОВ АТЫНДАҒЫ СТАДИОН 2025 ЖЫЛЫ ПАЙДАЛУҒА БЕРІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ АЙТЫЛДЫ. АЛАЙДА ОНЫ СҮРІП ТАСТАУҒА 18 АЙ ҚАЖЕТ ЕТІЛЕДІ ДЕДІ. ОСЫ РЕТТЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ӨЗ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАЛА МА?

– Оған байқау әлі жарияланған жоқ. Жобалау жұмыстары қыста аяқталады. Сараптама жұмыстарынан кейін ғана жобаны таныстыра аламыз. Алдын ала болжам бойынша стадион қыс пен күзде де бос

тұрмауы үшін жабық манеж түрінде болады деп көзделуде, біздің ойымызша, жобаны бір жылда жүзеге асырамыз. Нысан апатты жағдайда деп танылған. Сондықтан оның қалай да сүрілетіні белгілі болған.

– ЕКІ-ҮШ АЙДАН КЕЙІН КӨКТЕМ КЕЛЕДІ. АРЫҚ, СУАҒАРЛАР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ? СЕБЕБІ ЖЫЛ САЙЫН «13 МАГИСТРАЛЬ» МАҢЫ, Ш.ҚАЛДАЯҚОВ КӨШЕСІ БОЙЫНША КӨПІРДЕН ТҮСКЕН КЕЗДЕГІ ТҰСЫ ҚАР ЕРІСЕ БОЛДЫ СУҒА ТОЛАТЫНЫ ҚАЙТАЛАНА БЕРЕТІН ЖАЙТ.

– Көктемге өзінің ережесіне сай дайындық жүргізілуде. Қазірден-ақ алдағы көктем басқаша болатынын көріп отырмыз, яғни су көбірек болатын шығар, сондықтан бұл дайындық та ерекше өтуде. Сіз айтқан

көшелердің бәрі бақылауда. Биыл мәселені, Еуразия сауда үйі жанындағы Петров көшесінде, Б.Момышұлы көшесіндегі Оқушылар сарайының алдында қиындықтар туындады, осындай 20 шақты қауіпті жер бар.

– АПАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ТҰРҒЫНДАРЫН КӨШІРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛУДЕ?

– Астанада 2029 жылға дейін 206 апатты үйден 4 710 тұрғын үй иесін көшіру жоспарлануда. Алғашқы 3 апатты үйдің тұрғындары көшірілді. Жұмыс жалғасуда. Жыл басында жұртшылық наразылық білдіріп, жедел

шешімді талап еткен 20-дан астам нысан болды. Қаланың егжей-тегжейлі жоспарына өзгерістер енгізу жұмыстары атқарылды. Шешімдердің 90 пайыздан астамы қала тұрғындарының пікірін ескере отырып қабылданды.

– АСТАНАДА ХАЛЫҚ САНЫ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА АРТУДА, БАЛАЛАР ДА КӨП ТУЫЛАДЫ. ОСЫ РЕТТЕ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ПЕРЗЕНТХАНА ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ТУЫНДАМАЙ МА?

– Иә, қалада жылына 30-35 мың бала дүниеге келеді. Осы ретте біз 2 перзентхана салуды деп жоспарладық. Оның 24-і «Самұрық-қазына» АҚ көмегімен салынады, Сарыарқа ауданында салынатын 250 орындық орта-

лық жобасы дайын. Екіншісі де 250 орындық перзентхананы жеке инвесторлар көмегімен саламыз. Бұл перинаталды орталықтар алдағы 2-3 жылда салынып бітеді.

– НҰРА АУДАНЫНДА МЕКТЕП ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ ҚАТТЫ БАЙҚАЛЫП ТҰР. АУДАНЫ ҚҰРАР АЛДЫНДА ӘКІМДІК НЕГЕ ОСЫ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАСТЫРМАҒАН? ЖАЛПЫ БҰЛ АУДАНДА КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ҚАНША МЕКТЕП АШЫЛАДЫ?

– Алдағы үш жылда елордада 80-нен астам мектеп ашылады деп жоспарладық. Оның 24-і жайлы мектептер болса, соның алтауы Нұра ауданынан ашылады. Одан бөлек, 17 жекеменшік мектеп салынууда. Биыл қала

бюджетімен 11 мектеп салынды. Жергілікті бюджет есебімен 8 мектеп алдағы жылы бой көтереді. Осы мектептердің бәрі елордалық оқушыларды қамтуға жеткілікті болады.

– ҚАР БИЫЛ КЕШ ТҮСТІ. ОСЫ РЕТТЕ ҚАР КҮРЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНША АҚША ҮНЕМДЕЛДІ? ҮНЕМДЕЛГЕН АҚША ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

– Бір жарым айдың ішінде 2,5 млрд теңгедей үнемделді. Бұл қаражат бюджетте жетіспейтін мәселелерге, атап

айтқанда, мектеп, балабақша, әлеуметтік нысандар салу жұмыстарына жұмсалады.

– ЕЛОРДАДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ ЖӘНЕ ӨНДІРИСТІК ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУ ТУРАЛЫ МАҚСАТЫНДА ЖАҒАРАТҚАН ЖАҒДАЙДА ҚАНША АҚША ҮНЕМДЕЛДІ?

– Әрине, қазір елорда экономикасының негізін құрылыс құрайды. Кез келген жаңа астананың тарихы бастапқы 30 жылы солай болатынын көрсетеді, яғни құрылыс экономиканың негізгі үлесін алады. Дегенмен қала құрылымына көз жүгіртсек, 70 пайыздан астамын шағын және орта бизнес құрайды. Олардың да жартысы құрылыспен айналысады. Болашақта бұл құрылым өзгереді. Уақыт өте келе құрылыстың үлесі азайып, туризм мен өндіріс дамуы керек. Сондықтан біз осы бағытта инвестиция тартуға барлық қолайлы жағдайды жасауға

тырысамыз. Соның ішінде өңдеу өндірісі болады. Жақында Мемлекет басшысы қаланың индустриалдық аймағына барып, сондағы 4 жаңа нысанды көрді. Ол нысандарда арнайы медициналық мектепке арналған жиһаздар өндіріледі. Құрылыс материалдарын шығаратын зауыт та бар. Жаңа нысандар салынып, жыл сайын 10 мыңдаған жұмыс орындары дәл осы кәсіпорындардан құрылууда. Тағы бір индустриалдық аймақ салу жоспарлануда, жобалық сметалық құжаттары келесі жылдың соңына дейін аяқталады.

– ҚАЛАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚАТЫСТЫ ЖЫЛ САЙЫН ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ ШАҒАРДЫ ТҮТІН БАСАДЫ. КӨЛІК, ЖЭО СИЯҚТЫ БҰРЫНҒЫ ЛАСТАУШЫ КӨЗДЕРДЕН БАСҚА ҚАЛАНЫ ТҮТІНГЕ КӨМЕТІН КӨПТЕГЕН ҚАЗАНДЫҚТАР БАР. ӘКІМДІК ОСЫ БАҒЫТТА ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗЕДІ?

– №1,2 ЖЭО және ЖЭО орталықтары біраз уақыттан бері көмірден газға көшкенін білесіздер. №3 ЖЭО ашылып, газбен жұмыс істеуде. Газ жылу стансалары да солай жұмыс істейді. Келесі жылы да газ жылыту стансалары салына-

ды. 12 мыңнан астам абонент газға қосылу мүмкіндігіне ие. Жеке сектор бойынша солардың 10 мыңы газға қосылып үлгерді. Жалпы барлық орталық жылу көздері газға көшірілді. Ауаны негізінен, ластайтын солар еді.

– ӘР ЖЕРДЕ БЕЛЕҢ АЛҒАН ЖАБАЙЫ САУДА НҮКТЕРІН РЕТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕ МЕ?

– Заң бойынша жабайы саудаға рұқсат етілмейді. Сондықтан мұндай нүктелер бойынша жұмыс жүргіземіз. Мәселен, қалада «Шапағат» коммуналдық базарының айналасында сондай орындар көп болған. Тұрғындар шағымданып, жабайы сауда орындары қаланың сәнін қашырып, қозғалысқа да

кедергі келтіретінін айтқан. Ол жерлерге толықтай тротуар салынып, көгалдандырылып, 50 шақты саудагерді бірнеше базарға орналастырдық. Қазір ол жерде жабайы сауда орындары жоқ. Көпір айналасындағы және тағы басқа орындардағы сауданы тәртіп сақшылары бақылайды.

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА




**2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН
ИНВЕТОРЛАР
ҚАРЖЫСЫ ЕСЕБІНЕН
16 ЖЕКЕМЕНШІК,
60 МЕМЛЕКЕТТІК
БАЛАБАҚША
САЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН**



Төлен
ТІЛЕУБАЙ**ҮКІМЕТТІҢ ҚАУЛЫСЫ ШЫҒАРЫЛАДЫ**

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың қатысуымен өткен сессияда елорданың бас құжаты бойынша атқарылған жұмыстар туралы толыққанды ақпарат берілді. Қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов 2035 жылға дейінгі қаланы дамытудың бас жоспарын жобалау жұмысы толықтай аяқталғанын айтып, оның құрылымы туралы егжей-тегжейлі деректерді келтірді. Ол мамандар Бас жоспарды дайындауға үш жыл уақыт жұмсағанын жеткізді.

Құзырлы басқарма басшысының айтуынша, биыл мамыр-маусым айларында Бас жоспардың жобасы барлық жергілікті және мемлекеттік органдармен келісілген. «2022 жылдың қараша айында алдын ала қоғамдық талқылаудан өтті. Барлық ескертулер мен ұсыныстар тиісті хаттамаға енгізіліп, соған сәйкес жұмыс жасалды. Биылғы 21-25 тамыз аралығында қоғамдық талқылаулар жалғасты. Бұл талқылаулар «Астана Бас жоспары» мекемесінің және қаланың бес ауданының әкімдіктері алаңында ұйымдастырылды. Қоры-



2023 жылы 30 қарашада өткен Астана қалалық мәслихатының кезектен тыс сессиясында депутаттар елорданың 2035 жылға дейінгі дамуының бас жоспарын бірауыздан бекітті. Алдағы 10-12 жыл ішінде бас қаланың халқының саны шамамен 2 млн 275 мың адам болады деп болжанған. Бас жоспарға сәйкес қала 148 секторға бөлінді, онда негізінен, инженерлік инфрақұрылымды, көшелерді, жолдарды, сондай-ақ әлеуметтік нысандарды дамытуға назар аударылған. Осыған орай, мәслихат депутаттары Астанадағы дене шынықтыру мен спортты дамытудың 3 жылға арналған кешенді жоспарын әзірлеуге атсалысады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

Бірінші кезеңде мынадай құрылыс нысандары қарастырылған:

Денсаулық сақтау мекемесінің 27 нысаны: 8 аурухана, 13 амбулаторлық емхана, 3 оңалту орталығы (сыйымдылығы 904 орын) және 3 өзге де денсаулық сақтау объектісі.

Есепті мерзімге 62 Денсаулық сақтау нысанын салу жоспарланған: 3 аурухана, 53 емхана және 5 оңалту орталығы және дәрілік заттарды сараптау орталығы және зертханалары бар медициналық ұйымдар.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

2025 жылға дейін Астанада су қоймасынан сорғы-сүзгі станцияларына дейін диаметрі 1200 мм су құбырының екінші желісінің құрылысын аяқтау, ал техникалық сумен жабдықтау үшін «Тельман» ҰҚ-ны 100 мыңнан (қолданыстағы қуаты) тәулігіне 160 мың текше метрге дейін екінші желіні салумен индустриялық паркке дейін кеңейту жоспарлануда. 2035 жылға қарай есептік ең жоғары тәуліктік шығын тәулігіне 613 мың текше метрді құрайды, ол үшін Ертіс-Қарағанды каналынан су құбырымен тәулігіне 210 мың текше метрге төртінші ССС-ның салу көзделген.


Қалада нөсер кәрізін тазарту құрылыстарының 17 кешені, 113 нөсер сорғы станциялары жұмыс істейді. Нөсерлі кәріз желілерінің жалпы ұзындығы 610,2 шақырымды құрайды. 2025 жылға дейін 7 тазарту қондырғысының құрылысы қарастырылған, 2035 жылға дейін тағы қосымша 7 қондырғы салынады.

Бас жоспарға сәйкес, астананың қолданыстағы жылумен жабдықтау жүйесі екі негізгі бағыт бойынша ұсынылған: №1 ЖЭО базасындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі (ЦТ), алты аудандық қазандығы бар №2 ЖЭО, жиынтық қолда бар жылу қуаты ~2709 Гкал/сағ және орталықтандырылмаған жылумен жабдықтау жүйесі (ДЦТ). 2025 жылға қарай жылу жүктемелеріне қажеттілік 3863 Гкал/сағ құрайды, ол үшін №3 ЖЭО екеуінің бірінші кезегінің құрылысы көзделген.

ГТС – «Оңтүстік-Шығыс» және «Тұран». 2035 жылға қарай жылу жүктемелерінің қажеттілігі 5820 Гкал/сағ дейін арттады, ол үшін №2 ЖЭО кеңейту, №3 ЖЭО-ның екінші кезегін және екі ГТС – «Тельман» және «Оңтүстік-батыс» құрылысын салу көзделген.

2025 жылға қарай өнімділігі сағатына 350 текше метр болатын Нұра-Есіл айналма автожолы мен каналының қиылысынан оңтүстікке қарай АГТС-3 (газ тарату желісі) салу және ұзындығы 71,707 шақырым «Сарыарқадан» АГТС-3-ке дейінгі газ бұру құбырын салу көзделген. 2035 жылға қарай АГТС-1 «Астана» және АГТС-2 «Астана» қайта жаңарту көзделген» олардың әрқайсысының өнімділігі сағатына 230 мыңнан 350 мың текше метрге дейін ұлғаяды. Газдандыру «Сарыарқа» МГ пайдалануға беруден басталды. «Астана» АГТС-1 және «Астана» АГТС-2 жиынтық өнімділігі сағатына 460 мың текше метрді құрайды.

Сонымен қатар, 2035 жылға арналған электр энергиясы көздерінің есептік қуаты 1800 МВт құрайды. «2025 жылға дейін сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 110/10 кВ бес қосалқы станция («Южная-2», «Батығай», «Қабанбай батыр», «Арай», «Қарлығаш» КС) салу қажет. Электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін 2035 жылға дейін төрт қосалқы станция («Наурыз», «Майбалық», «Аңсаған», «Бағыстан» КС) салу қажет» делінген құжатта.

**БОЛАШАҚТЫҢ ШАҒАРЫ**

тынды талқылау Жастар сарайында өтті. 23 тамызда қалалық Қоғамдық кеңес аталмыш құжатты талқылап, мақұлдады. Құжат қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында да жан-жақты талқыланды. Ал 15 қараша күні қала құрылысына кешенді сараптама жүргізу комиссиясы оң шешім шығарды. Бас жоспарды «Атамекен» кәсіпкерлер ұлттық палатасы да мақұлдады. Қалалық мәслихат бекіткеннен кейін, енді аталмыш құжатқа қатысты Үкімет қаулысы шығарылады» деп түсіндірді ол.

ТАЛҚЫЛАУҒА ТҮРҒЫНДАР БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ

Аталған жиында Евгений Глотов басты құжатты талқылауға қалалық мәслихат депутаттарымен қатар қала тұрғындары белсенді қатысқанын атап өтті. «Соның нәтижесінде құжатқа елорданың алдағы жылдардағы дамуының базалық, іргелі, стратегиялық шарттары енгізілді. Бас жоспарда инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға қатысты, Астананың сәулет келбетіне байланысты үлкен жоспарлар бар. Бұл құжат бекітілгеннен кейін Бас жоспармен тығыз байланысы бар басқа да құжаттарды реттеуіміз керек болады. Бұл – Астана қаласының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, көгалдандыру, қаланың көлік жүйесін дамыту бойынша тұжырымдамалары, басқа да маңызды құжаттар» деді Е.Глотов.

«Ашық НҚА» порталында 8 желтоқсанға дейін Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын онлайн-талқылау жалғасқаны мәлім. Құжатқа көрсетілгендей, ол перспективалық кешенді даму, Аумақты жоспарлау ұйымы, қаланың әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымы жүйесінің бағыт-

тарын анықтайды. Елорданың жаңа Бас жоспарында мынадай жобалық кезеңдер нақтыланды: 2021 жыл, құрылыстың бірінші кезегі – 2025 жыл, есептік мерзімі – 2035 жыл.

ДЕМОГРАФИЯ

Еңбекке қабілетті жастағы халық есептік мерзімнің соңына қарай қала халқының 66 пайызын құрайды. Қала аумағының әкімшілік шекаралары шегіндегі халық саны бастапқы 2021 жылы 1184,4 мың адамды құрады. Болжам бойынша, 2025 жылы елордада 1 миллион 480 мың адам тұрады. Есепті мерзімге қала халқының саны 2 миллион 275 мың адамды құрайды. Құжатта Астана қаласы халқының келешектегі санының болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, жас қозғалысының әдістері, статистикалық экстраполяция және еңбек балансы негізінде экономикалық-математикалық әдістерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістерді ескере отырып орындалғаны айтылған.

КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Құжатқа сәйкес, көлік инфрақұрылымы демографиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің болжамды өсуі, халықтың ұтқырлығы, жолаушылар және жүк тасымалы көлемінің өзгеруі, көліктің жаңа баламалы түрлерін жанжалсыз қосу, экологиялық талаптарды қатаңдату жағдайында қала аумақтарының жайлы қолжетімділігін, қала ішіндегі, қала маңындағы және сыртқы көлік байланыстарының қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

«Бұл міндеттер қозғалыстың моторланбаған тәсілдерінің (жаяу және велосипед қозғалысы), қоғамдық және жеке көліктің, қалалық қала маңындағы және сыртқы көлік жүйелерінің өзара іс-қимылы мен толықтырылуын қамтамасыз ететін қаланың бірыңғай көлік жүйесін дамытуды, сондай-ақ тұтынушыларға Көліктік қызмет көрсету түрлерін баламалы таңдауға мүмкіндік беруді талап етеді» делінген Бас жоспарда.

Қалалық көлік инфрақұрылымының әлеуетін ұлғайту қоғамдық жолаушылар көлігін дамытудың басымдығын белгілеу және оның жолаушылар тасымалдарының жалпы көлеміндегі үлесін арттыру кезінде халықтың жүріп-тұруына кететін уақытты барынша азайту қажеттігі ескеріле отырып орындалатын болады. Бұл ретте мынадай іс-шаралар жалғасады:

- Астана қаласының Бас жоспарында белгіленген бағыттарда елорданың көше-жол желісінің қаңқасын кезең-кезеңімен қалыптастыру;
- көлік-трансплантациялау тораптары жүйесін дамыту;
- жеке көлікті иелену және пайдалану деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін жеңіл көлікті және жеке ұтқырлық құралдарын жалға беру жөніндегі қызметтер саласын дамыту;
- халықтың аз қозғалатын топтары мен мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін тұтас және қауіпсіз қозғалыс желісін құру, сондай-ақ жаяу жүргіншілердің жайлы және қауіпсіз қозғалысы үшін көше кеңістіктері мен аула аумақтарын абаттандыру.

ТҮРҒЫН ҮЙ-АЗАМАТТЫҚ ҚҰРЫЛЫС

Бас жоспардағы негізгі мақсаттардың бірі, атап айтқанда, тұрғын үй

қорымен қамтамасыз ету көрсеткіші бойынша тұрудың ыңғайлылығындағы диспропорцияны жою болып табылады. Бұл ретте есепті кезеңге арналған құжатта қалада тұрудың жайлылығын қамтамасыз ету үшін тұрғын үй қорымен қамтамасыз ету көрсеткіші бір адамға 30 ш.м. қабылданды. Осындай жайлылық деңгейіне жету үшін тұрғын үй қорын 68250 мың шаршы метрге дейін ұлғайту қажет. Бірінші кезеңде, 2025 жылы тұрғын үй қорымен қамтуды ұлғайту жоспарланған бір адамға 26 шаршы метрге дейін тұрғын үй қоры 37200 мың шаршы метрді құрайды.

Бас жоспарда сондай-ақ мемлекеттік емес қызмет көрсету нысандарын дамытумен ұштастыра отырып, халықты әлеуметтік маңызы бар объектілердің тегін қызметтерімен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту көзделеді.

Мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту үшін есептік мерзімге мектепке дейінгі мекемелердегі орындар санын 82,7 мың орынға ұлғайту көзделген, оның ішінде жеке тұрған мемлекеттік және жеке үлгідегі балабақшаларда 64,8 мың. Есепті мерзімге бас жоспарда орындар санын ұлғайту көзделген жалпы білім беретін мекемелерде 257,4 мың оқушы орнына немесе 164 мектепке, бұрыннан бар 94341 орынға немесе 100 мектеп, бастапқы жылға.

«Есептік мерзімге жайлы тұруды қамтамасыз ету үшін жалпы қуаты бір ауысымда 21,8 мың адам болатын амбулаториялық мекемелерді енгізу, сондай-ақ халықтың болжамды санын ескере отырып, төсек-орынның ауруханалық қорын 4265 бірлікке ұлғайту қажет» делінген құжатта.

№152 (4585) 23/12/2023 Сенбі

Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Астананың өркендеуі, оның әлемдік мегаполистер қатарына енуі қарқынды дамып келе жатқан қалада жаңа ауданның ашылуына себепші болғаны белгілі. Осылайша, Есіл өзенінің сол жағалауында биыл сәуір айынан бастап Нұра ауданының әкімдігі ресми іске кірісті. Қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында осы ауданның әкімі Жүсіп Жұмағұлов ағымдағы жылдың 7 айында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Нұра ауданы – елорданың ең белсенді дамып келе жатқан бөлігі. Тек қазіргі күннің өзінде осы аймақта 200 нысанның, атап айтсақ, спорт кешендерінің, мектептер мен сауда орталықтарының, медициналық нысандардың, тұрғын үй кешендері және әкімшілік ғимараттардың құрылысы қызу жүріп жатыр. Олардың әрқайсысын салу және одан әрі пайдалануға беруде ең алдымен, тұрғындардың ыңғайлылығы мен жайлылығына баса мән беріліп келеді.

– Ауданда атқарылған

«НҰРАДАҒЫ» ИГІ ІСТЕР



тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізуге арналған демалыс орындары мен скверлер қатары көбейді. Мәселен, Ш.Айтматов пен Сығанақ көшелерінің қиылысындағы, «Жағалау» тұрғын үй кешені жанындағы учаскеде жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Ол жерде 2000-нан астам отбасы тұрады, яғни бұл – қаладағы

негізгі көшелеріне жүктеме болар еді. Барлық жағдайды ескере келе, аудан әкімдігі үлкен тұрғын үй кешенінің жанындағы алаңға жүздеген ағаштар мен көпжылдық гүлдер отырғызып, «Жағалау» кешеніне жетіспей тұрған тартымды орын жасалды. Бүгінде тұрғындар дән риза.

– Аудан аумағындағы

сында жүргізілді. Бұл учаскеде фитнес орталығы бар тұрғын үй кешенін салу да жоспарланған болатын. Орналасқан жерің, орамшілік жол жүруді және басқа да перспективаларды ескере отырып, құрылыс тоқтатылды, ал оның орнына аудан әкімдігінің және инвестордың күшімен қоғамдық кеңістік салынды. Сондай-ақ Тұран даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысында көптеген жылдар бойы бос жатқан учаскелерде 2 гүлзар құрдық. Қаланың басты көшелерінің бойында жаңа алаңдар пайда болып, қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасалды. Бос және пайдасыз жатқан жер учаскелері осылайша халықтың игілігіне айналды, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ Керей-Жәнібек хандар көшесіндегі Асқар Забикулин атындағы өрт сөндіру бөлімінің жанына қоғамдық кеңістік салынды. Жаңа қоғамдық кеңістікте құтқарушыларымыздың ерлігін еске салатын батырдың бюсті орнатылған.

ПРОБЛЕМАЛАР ШЕШІМІН ТАБУДА

Нұра ауданы әкімінің жеке қабылдауларында, тұрғындармен болған көшпелі кездесулерінде және әлеуметтік желілерде жиі көтерілетін мәселенің бірі – тұрғын үй кешендерін жылыту мәселесін шешу.

Аудан аумағындағы «Дәстүр», «Ақ дидар», «Лазурный берег», «Homeland», «Sunland», «Будапешт», «Cosmic city» тұрғын үй кешендерінде жалпы саны 10 мыңнан астам отбасы тұрады. Әр қыс маусымы олар үшін жаңа сын-қатерге айналып келген. Осы уақытқа дейін тіпті кейбір үйлерде жылы су мәселесі де өзекті болған. Жүсіп Жұмағұлов осы ауданға әкім болып тағайындалғаннан кейін бұл мәселені шешуге көктемнен бастап білек сыбана кіріскенін, нәтижесінде түйткілді проблема шешілгенін жеткізді.

– Магистральді желілерге қосудың арқасында «Будапешт», «Cosmic city» тұрғын үй кешендерін орталықтандырылған газ жүйесіне қосып, ал «Дәстүр», «Ақ дидар», «Лазурный берег», «Homeland», «Sunland» үйлерін орталықтандырылған жылу жүйесіне жалғадық. Енді тұрғындар қыс мезгілінде жылуысыз

қаламыз деп алаңдамайды. Осылайша, бірнеше жылдан бері тұрғындарды мазалап келген проблемалар жүйелі шешімін тапты, – деді аудан басшысы.

5 МЫҢ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Тұрғындардың өтінішін ескере отырып, аудан аумағында абаттандыру, ағаш отырғызу, жөндеу жұмыстары атқарылуда. Ауданның Тұран даңғылынан батысқа қарай жатқан бөлігіне де ерекше мән беріліп келеді. Сәуір айынан бастап тұрғындардан келіп түскен сұраныстар мен ескертпелер ескеріліп, ұсыныстар есепке алынды.

– Елорда, атап айтқанда, Нұра ауданы әлі де қалыптасып келе жатқан қаланың қарқынды даму үстіндегі бөлігі ретінде әлемдік тәжірибе талап ететін стандарттарға сай болуы тиіс. Қаржылық инвестициялар мен уақытты қажет ететін стратегиялық нысандарды салу мәселелері бар екені түсінікті. Біз адамдардың күнделікті және көпжылдық мәселелерін шешу барысында тұрғындар үшін ауданымыздың әдемі, ыңғайлы әрі жайлы болуына басымдық беріп келеміз. Осы мақсатта біз көгалдандыру, абаттандыру және жарықтандыруды қосу бойынша ауқымды жұмыстар жүргіздік, – деді Жүсіп Жұмағұлов.

Аудан әкімінің айтуынша, көгалдандыру маусымында аумақта 5 мыңға жуық ағаш, 22 мыңнан астам бұта және

үй кешендерінің аулаларына 1200-ден астам ағаш отырғызды.

АДАМДАР ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Аудан әкімдігінің алдында тұрған негізгі мәселенің бірі – тұрғындардың қауіпсіздігі. Бұл ретте көше инфрақұрылымына, яғни тек орталық көшелерде ғана емес, ауданның барлық жерінде жарықтың болуына барынша көңіл бөлінуде.

– Сәуір айынан бастап бірнеше жыл жарығы жанбай тұрған көшелердің, атап айтсақ, Мақсұт Нәрікбаев, Күлтегін, Әнет баба, Ұлы дала, Бұқар Жырау, Ақын Сара, Атырау, Лияс Омаров және Жұбан Молдағалиев көшелерінің жарығын іске қостық. Бұл көшелерде қазір жарық бар, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін алаңдамауға болады. Дегенмен, кей учаскелерде әлі де шешімін күткен күрмеулі мәселе жеткілікті. Осы бағытта жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз. Бастысы, осы көшелердің жарығын қосып, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Бұл біз үшін аса маңызды, – деді аудан әкімі.

Жыл соңына дейін Қ.Мұхамедханов көшесінің жарығын ретке келтіру жоспарланып отыр. Онда 200-ге жуық шамда ауыстыру қажет. Сонымен қатар, алдағы уақытта аудан аумағындағы 3 балабақша мен бастауыш мектеп орналасқан, бірақ бұған дейін жарық тіректері болмаған Қыз Жібек көшесінде түнгі жарық жағылады.

Нұра ауданы құрылған күннен бергі уақыт аралығында атқарылған жұмыстар ауқымы осындай. Аталған барлық нәтижелер – бұл жергілікті атқарушы органның тұрғындармен біріккен жұмысының қорытындысы.

Аудан әкімі аталған мерзімде



жұмыстарға талдау жасай отырып, келешектегі даму динамикасын зерттей келе, біз бірқатар жер учаскелерінің нысаналы мақсаттарын қайта қарау бойынша жүйелі жұмыс жүргіздік. Мониторинг нәтижелеріне сәйкес, біз егжей-тегжейлі жоспарлауға түзету енгізу үшін 18 ұсыныс жібердік. Қазір осы ұсыныстардың 5-ін қаланың үйлестіру кеңесі қолдады. Олардың ішінде «Памир», «Inju city» ТК маңындағы, Ш.Айтматов пен И.Омаров көшелерінің арасындағы ауданы 1 гектардан асатын учаске бар. Сондай-ақ қаланың әр түкпірінде орналасқан тағы 12 жер учаскесі бойынша біз абаттандыру жұмыстарын жүргізуге рұқсат алдық. Бұл – Лияс Омаров, Мақсұт Нәрікбаев, Әнет баба, Шарбақкөл көшелерінің бойындағы учаскелер. Келешекте бұл жерлер кезең-кезеңімен игерілетін болады, – деді Жүсіп Жұмағұлов.

ең үлкен және халқы көп тұрғын үй кешендерінің бірі. Осы үйдің жанында бұрын 12 қабатты көпфункционалды паркінгі бар кешен салу жоспарланған болатын. Ол екі жағалауды байланыстыратын ауданның

Тұран даңғылының бойында орналасқан «Спорт сити», «Алма парк» және «Әсем тас» ТК жанында биыл жаңа алаң пайда болды. Оның құрылысы тұрғындармен бірлескен белсенді жұмыстардың арқа-

НҰРА АУДАНЫНДА 202 АЯЛДАМА БАР

128 АШЫҚ ҮЛГІДЕ

30 ЖАБЫҚ ҮЛГІДЕ

44 ПАВИЛЬОНСЫЗ

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

203 АУДАН ШЕКАРАСЫНДА

183 АППАРАТ БАЛАНСЫНДА

28 БАСҚАРМА БАЛАНСЫНДА



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙДІ

Ауданның құрылғанына көп уақыт өте қоймаса да аумақта қайта қаралған кейбір жер учаскелерінің орнына қала

Елорда экономикасында кәсіпкерліктің үлесі 69 пайызды құрайды. Бұл озық елдердің деңгейіндегі көрсеткішпен тең. Қазақстанда бұл көрсеткіш – 30 пайыз. Ендеше Астана өзге өңірлерге шағын және орта бизнесті қолдап, дамыту жағынан үлгі болып отыр. Ал ел орталығында бизнестің жан-жақты дамуында индустриялық аймақтардың септігі бар.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

НЕ ҮШІН КЕРЕК?

2006 жылдың 1 наурызында экс-Президенттің Жолдауында көтерілген міндеттерді іске асыру мақсатында 31 наурызда Үкімет индустриялық аймақтар құру және дамыту туралы тұжырымдама қабылдады. Содан бері елдің әр өңірінде арнайы экономикалық аймақтар құрылып, өнеркәсіптің белгілі бір саласын, шағын және орта бизнесті дамыту бағытында жұмыс жүргізіле бастады.

Индустриялық аймақтар 100 жыл бұрын Ұлыбритания мен АҚШ-та пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа елдерінде арнайы аймақтар кеңінен қолданыла бастады. Бүгінде әлемде 20 мыңнан астам индустриялық аймақ бар.

Әлем бойынша ең танымал технополистің бірі – «Кремний алқабы». Сан-Францискодағы индустриялық аймақта ұзақ жылдар бойы бірегей технологиялық шешімдерді іске асыру және жаңа робототехника жүйесін меңгеруде кешенді жұмыстар жүргізіледі. Ол үшін әлемнің түкпір-түкпірінен креативті ойлайтын интеллект иелерін тартып, жұмысты жаңадандыра түсті. Онда 200-ден астам компания, мыңнан астам стартап жобасы іске асырылды.

Озық елдердің санатына кіретін Жапонияда индустриялық аймақтар өткен ғасырдың 50-60 жылдары іске асты. Мәселен, Цукуба технопарк ғылыми-зерттеу институты мен инновациялық стартапты дамытатын бірегей орталыққа айналды. Қазір мұнда 300-ден астам ғылыми мекеме жұмыс істейді.

Әрине, озық елдерде индустриялық парктер ғылым мен технологияның үйлесімді дамытатын, индустрия 4.0 элементтерін іске асыратын алаң ретінде бағаланса, Азияда жедел экономикалық дамудың негізгі тетігіне айналды. Соның ішінде, Астана қаласындағы индустриялық аймақ – шағын және орта бизнестің орталығы ретінде құрылды.

ИНДУСТРИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Ел аумағында құрылған индустриялық орталықтар ішінде елордадағы арнайы экономикалық аймақтың ісі көш ілгері.



ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, географиялық тұрғыдан қолайлы орналасқан. Екіншіден, ірі көліктік-логистикалық торап тұтыну нарығы бар. Төртіншіден, инфрақұрылымы қолжетімді. Бесіншіден, инвесторлар үшін мемлекеттік қолдаудың тиімді шаралары бар.

2027 жылға дейін 15,4 мың гектар аумақты қамтитын «Астана – жаңа қала», сондай-ақ 2042 жылға дейін 653 гектарда іске асатын «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағында кәсіпорындар мен бизнес субъектілері орналасады. Бұл аймақтағы жұмысты «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС үйлестіреді.

– Индустриялық аумақтар – экономиканы әртарапандыруда, бәсекеге қабілетті болуда маңызды рөл атқарады. Бастысы, тұрақты жұмыс орнын құрып, Астана тұрғындарының әлеуметтік әлеуетін арттыруы керек. «Астана – жаңа қала» аумағына әкімшілік-іскерлік орталықтар мен №1 индустриалды паркі кіреді. Онда 247,08 миллиард теңге инвестиция құйылған 54 жобада 5172 адам тұрақты жұмыс істейді. Одан бөлек, 24,56 миллиард теңге инвестицияланған 51 жоба іске асыру сатысында. Алдағы 3 жылда 2329 жұмыс орнын құру жоспарланды. Бұл бағытта 76,1 миллиард теңге қаржы тартылады, – деп түсіндірді «Astana Invest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Арсен Мендіғазиев. «Астана – жаңа қала» құрылғы аяқталғанға дейінгі көлемі 7077 мил-

лиард теңгеге, экспорт көлемі 115,5 миллиард теңгеге жетті. Жалпы парктің өнеркәсіптік нысандарының инвестициялық портфелі 105 жобаны құрайды.

– Экспортқа бағытталған LKZ, EKZ, SWISSGROW, ASTANA Yutaria Ltd, TOKK Kazakhstan, EKTs, ZTOWN Development, STANLBAU және AROMAT сынды компаниялардың тауарлары Түркия, Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Беларусь, Эстония және тағы басқа елдерге экспортталады. Негізгі экспорттық тауарлар: локомотивтер, арнайы жұмыс киімдері, түрлі қапқақтар, оптикалық құрылғылар және тағы басқасын айтуға болады.

Паркте құрылған кәсіпкерлік субъектілерінен 212,8 миллиард теңге салық түсті. 2019 жыл – 7,06 миллиард теңге, 2020 жыл – 18,2 миллиард теңге, 2021 жыл – 3214 миллиард теңге, 2022 жылға – 44,1 миллиард теңге, 2023 жылдың 3 жарты жылдығына 39,5 миллиард теңгені құрады, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқарма басшысының орынбасары Темірлан Келдібаев.

БИЗНЕСКЕ ТАРТЫМДЫ МА?

Астананы бизнеске ыңғайлы етуде «Астананы дамыту» орталығы мен «Astana Invest» фронт-офисі жұмыс істейді. Бұл орталықтарда отандық және шетел инвесторларына «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсетіледі.

– Инвестициялық келісімшарт механизмі жер учаскесін беру, кенендік баж және салықтан босату, шетелдік жұмыс күшін



тарту мүмкіндігін қарастырады. Қолдаудың тағы бір тетігі – «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» заңнамаға сәйкес берілетін жеңілдіктер. Бұл басымдық «Астана – жаңа қала», «Астана – Технополис» арнайы экономикалық аймағының қатысушыларына ұсынылады. Өз кезегінде шетел инвесторына жер учаскелерін, кейбір салықтар мен кенендік бажардан босату және сырттан жұмыс күшін тарту жеңілдігін береді, – деді Темірлан Келдібаев.

Астананы шағын және орта бизнес саласына қолайлы етуде индустриялық парктер оң әсер етеді. №1 Индустриалды парк аумағында түрлі салада қызмет ететін бизнес субъектілері шоғырланды. Алдағы уақытта 409 гектар болатын 150 жобаға арналған екінші парк құрылады. Жобаның мерзімі – 2024-2025

жыл. Басқарма басшысының орынбасарының екінші парк туралы сұрадық.

– Онда машина жасау, химия, металлургия, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы, ағаш өңдеу, фармацевтика, агроөнеркәсіп кешені және тағы басқа бизнестің бағыттары бойынша жұмыс істейді. Екінші парк резиденттері үшін кенендік бажар мен салықтардан босату, жер учаскесін өтеусіз

P.S: Сингапурде іскерлік кварталдарда ғылыми және инновациялық орталықтар жұмыс істейді. Әлемдегі ауқымды индустриялық орталықтарға Сауд Арабиясындағы Юбайл өнеркәсіп қаласы, АҚШ-тағы Тахо-Рено өнеркәсіп орталығы жатады. Астана қаласындағы индустриялық орталықтар да сондай деңгейге жетіп, елордамен бірге ел дамуында шешуші рөлге атқаратынына сенеміз.

қосалқы жалдау және ШЖК-ны квотадан тыс тарту мүмкіндігі қарастырылады. Жеңілдіктің бұл түрі шетел инвесторларын қызықтыратыны анық, – деді ол.

Елордаға инвесторлар 1,1 триллион теңге қаржы құйып, оған 163 жобаны қамтитын 15,9 мың жаңа жұмыс орындарын ашты. Сөйтіп, бас қала инвестициялық жобалардың бірыңғай пулына айналды.

– 2022 жылы 39,7 миллиард теңге сомасына 10 жоба пайдалануға берілді, 1,1 мың жаңа жұмыс орны құрылды. 2023 жылы 1,7 мың жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 84 миллиард теңгеге 25 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланды. Жыл басынан бері 700 жаңа жұмыс орнын құрумен 53,55 миллиард теңге сомасына 6 жоба іске қосылды, – деді Темірлан Келдібаев.

ҚАНДАЙ ЖОБАЛАР БАР?

Бұл сұраққа Арсен Мендіғазиев былай жауап берді:

– 2022 жылы «Астана жаңа қала» және «Астана технополис» арнайы экономикалық аймағында құны 28,3 миллиард теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылды. Атап айтқанда, лак-бояу өнімін шығаратын «ВМП Астана зауыты» ЖШС жүзеге асырылды. Бетон бұйымын өндіретін «DSK GLB» ЖШС, құрылыс материалын өндіретін «Спектр плюс» ЖШС және медициналық маскалар шығаратын «MFA International» ЖШС құрылды. Сондай-ақ көп профильді зауыт – «ATM CONSTRUCTION & INVESTMENT» ЖШС, ДНҚ зертханасын іске асыратын «Microread Technology» ЖШС жұмыс істейді.

2023 жылдың қантар-қараша айында 23,6 миллиард теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылды. Олар: полимер құбыры мен арматура өндіретін «Астана құбыр зауыты Арыстан» ЖШС, терезе мен балкон жұптарын дайындайтын және орнататын «Астана Пласт Строй» ЖШС, генератор өндірісін іске асыратын «Art Xtal» ЖШС, электр жетегін өндіретін «Power Conversion System» ЖШС. Сондай-ақ «Нұрлытөңір» ЖШС-ның оқушылар сарайы мен «VI property Alatau» ЖШС-нің Riviera International School-сы құрылды.

Әрине, индустрия туралы сөз болғанда индустриялық-инновациялық жобалар еске түседі. Бұдан бөлек, әлеуеті жоғары сектордың қатарында креативті индустрия бар екенін ұмытпауымыз керек. Яғни елордада креативті индустрияны ілгерілететін арнайы орталықтар құруды шешу маңызды.



№152 (4585) 23/12/2023 Сенбі

Бүгінде түрлі әлемдік, аймақтық, қазақстандық қоғамдық мәселелерді талдап, сараптауда, одан түйін түйгенде жүгінетін, сүйенетін адамдар іздегенде алдымен әкемен бірге Қалағанды ойға оралады. Қалағанды ішкі тебіреністер, естеліктер көңілдің сағынышты мұңын шайып, жүзіме еріксіз күлкі үйіріп, әп-сәтте жігерлендіріп жібереді.

Бір ғаламат – Қалағанды өз бойындағы ерекшеліктерге де әзілмен қарап, өзін-өзі түйреп отуден тартынбайтын. Бұл Қалағанды биік мәдениеті мен еркін рухын көрсетсе керек. Өз халқын шексіз сүйе мен оның рухани болмысын терең түсінудің арқасында Қалағанды кез келген ортаның гүліне айналып, табиғи жаратылысымен жүрген жерін жарқыратып жіберетін.

Қатарынан асып туған Қалағанды дара біткен үш асыл қасиетін айтар едім.

Оның бірі – көптеген әріптестеріне әлі де болса беріле қоймаған қасиеті – әлемдік өркениеттердің тарихын қатар зерделеп, солардың өзектері – діндердің тарихы мен мән-мазмұнын терең білетіні. Ол қазақ, түркі, ислам тарихы мен әдебиетін еркін талдап қана қоймай, басқа өркениеттер – христиан, иудаизм, буддизм және басқа діндердің ежелгі тарихы, діни аңыздары, киелі кітаптары мәтінінен хабардар болатын. Осы арқылы ол төл мәдениетіміз бен өркениетіміздің әлемдік ортадағы орнын айшықтай білді. Бұл – қазіргі жас әдебиетшілер үлгі ететін, үйренетін бір үрдіс. Қалағанды мол ілімін орайы келгенде ұтымды пайдаланып, әңгіменің тамырын тереңге тартып, әріден қозғаушы еді.

Екінші бір қасиеті – биік мәдениетінің арқасында, үзеңгілері өз алдына, жасы үлкен қариялармен де, өкшесін басқан інілерімен де, тіпті балаларынан да кіші жеткіншектермен ортақ тіл тауып, өзіне лайық құрметпен, ізеттілікпен, сыйластықпен, тіпті кейде өзін араластырып, қалжыңымен қағытып, емен-жарқын әңгімелесе беретін.

Өзінің биік рухани болмысы, терең білімі мен ішкі мәдениетінің ұштасуы арқасында ол қарапайым адаммен де, әкіммен де, министрмен де өзін бірдей дәрежеде ұстаушы еді. Жолында кездескен жандардың шен-шекемінен гөрі тұлғалық болмысына, мәдениеті мен ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөліп, бағалайтын. Осының барлығына Қалағанды ізіне ерген інісі ретінде араласып тұру бақыты бұйырған, бас-аяғы 8-9 жылдың ішінде талай рет көз жеткіздім.

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙДАН ТӘБӘРІК

«Ақжолтай Ағыбай» деп атап кеткен батыр бабамыздың 190 жылдығына орай Қарағанды облысы Шет ауданының Таятқаншұнақ деген жерінде үлкен ас берілетін болып, ұйымдастыру іс-шараларының басы-қасында жүрген кезім. Осы тойда батырдың әруағы қолдап, үлкен олжаға кенелдім.

Үлкен жиында еліміздің әр түкпірінен батырдың туыстары, қазақтың зиялы қауым өкілдері бас қосқан еді. Сол жиында сыртынан атына қанық болып, жақындауға жүрегім батпай, жолығудың да жөнін таппай жүрген Қалағандың қолын алудың сәті түсті.

Тойдан кейін Жезқазған қаласына дейін бірге келіп, жол-жөнекей сұхбаттас болдым. Қалағанды ата-тегімді біліп, әкем жайлы мағлұматтарды қызыға сұрады. Сонда 60-жылдары менен үлкен ағаларым қалаға оқуға кеткенде, әкем марқұмның: «Қалтай деген ағаларың бар, реті келгенде амандасып тұрыңдар. Әкесі мен оқыған медреседе сабақ берген» деп айтып отыратынын еске түсірдім. Соны естігенде: «Мұхамедия ағамыздың көзі тірісінде кездеспегеніміз-ай» деп өкініш білдірді. Әкеміз 1914 жылдардан бастап біраз жыл Қарнақ, Шорнақ және Ақтаста оқыған болса



керек, сол тұстарда Қалағандың әкесі «Қарамолда» аталып кеткен Мұхамеджан Жаңақорғандағы Айқожа ишанға салдырған «Ақтас» мешітінің бас имамы болғанын, шәкірттерге дәріс бергенінің шет жағасын білуші едім.

Қалтай ағамыз орны толмас дүниені қазалап жатпаушы еді. Әкесінің ауыр тағдырын да бір ауыз оймен «біздің әкелерімізге де обал жоқ, кеңес өкіметіне сын айтып, айтуейр ебін тауып халық жауы атанып кетті ғой» деп өкініштің салмағын әзілмен жеңілдететін-ді. Мұның астарында үлкен тарихи шындық жатыр. Өткен ғасырдың 20-жылдары қазақ жерінде 300-ге жуық көтеріліс толқыны өтті. Оның жартысынан көбін білімді молдалар мен ишандар бастады. Себебі олар оқыған адам ретінде кеңес өкіметінің унификация арқылы біздің дінімізден де, тілімізден де айыратынын сезген ғой.

Енді, міне, осы кездесуден кейін әкелеріміздің ықыласы ұрпағына ауғандай көрінді. Қалағанды сол белгіні сезгендей, бар ілтипатымен інім деп, рухани тұрғыда ұстаз бен шәкірттің сыйластығын қалыптастыра білді.

Осы сәттерден бастап Қалағандың әзілмен тұспалдап, керек кезінде терең ойға негізделген

Адам өмірінің әр кезеңінде сол кездегі ішкі сұранысына сай білім мен ақпараттың, қасиет пен ұлылықтың, руханият пен мәдениеттің қайнар көздері болады. 90-жылдары мен үшін осындай ерекше тұлға Қалаға, Қалтай Мұхамеджан еді. Қалағаңмен сыйлас болған жылдарым өмірімдегі үлкен олжам, жүрегімде ерекше ізі қалған құбылыс болғаны сөзсіз.

ҚАСИЕТІ ДАРА ҚАЛАҒА

Қалағанды Мәскеуге билетсіз жүк пойызымен жетеді. Апталап су көрмей, арып-ашып, үсті-басы қара күйе болған күйімен адресті тауып алады. Сонда сымбаты келіскен профессордың әйелі есік ашады. Қонақтың түрінен шопшы кеткен әйел ар жағынан жұбайын шақыртып, ол болса үйіне кіргізеді. Әйелі бейтаныс жолаушыны босағада шешіндіріп, бүкіл киімін тастатқызып, орнына таза киім беріп, шомылдырып, адам қалпына келтіріп алады.

Сондағы айтпағым – шынайы зиялы қауым өкілдері ұлттың, дініне қарамай, шын дарынды дәл танып, тар заманда да қолдай білетіні. Осы жайттан кейін басымнан өткен, осыған ұқсас жағдайды айтып бердім.

1983 жылы аспирантураға баратын болып шештім. Тіксіз минимумдарды тапсырып өттім, келесі неміс тілінен сынақты Алматыда өткізетін болды. Ол жақта пара сұрай бастады. Мен болсам өз біліміме сенімдімін. Мәскеуге Алла Семеновна Сальман деген оқытушы алты ай тәлімгерліктен өтіп жүрген кезде сабақ берді. Қырсық болғанда, дәл емтихан туралы күннің алдында аспирантура бөлімінен хабарласып, алты ай бұрын бір құжатты толтыруды

ұмытып кеткенімді, енді емтиханға жіберілмейтінімді айтты. Сонда ұстазым Сальман: «Егер Байменов емтиханға жіберілмесе, басқалары да өткізбеймін» деп қиянатқа жол бермейді ғой. Ол менің танысым да, туысым да емес. Бірақ маған сеніп, менің сөзімді сөйлеп, әділдігін айта білді. Емтиханды тапсырып, ертесінде бір гүл мен торт алып, кафедрасына барсам, Алла Семеновна: «балам, өзіңнің дәулетің асып тұрған адам емессің, әйел адам ретінде гүлді алайын, тортты өзін жолдастарыңмен бірге шай ішіндер» деп қайтарып жіберді. Қалағанды айтқандай, тектілердің құлқыннан жоғары ойлайтыны олар үшін білім, еңбек құнды екенін, әсіресе Қалағандың жағдайында шынайы бекзат жаратылысын танып, дәлелдей білді.

ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Мәскеуден білім алып, елге келіп, соны туындылары сахналана бастады. Оның драматургиясы халықтың көңілінен шыққан спектакльдерге арқау болды. Қалағанды пьесаларындағы диалогтардың бәрі табиғи қалпымен таңғалдырды. Өйткені олардың, әсіресе комедияларындағы кейіп-

тың болса, 2-3 күн бол» деді. Бірде таңғы 4 кезінде оянып кетсем, ағам бас жағындағы шамның жарығымен қойын дәптеріне үңіліп бір нәрсе жазып жатыр екен. Таңертең тұрған соң көргенімді есіме түсіріп, не жазғанын сұрап едім, Қалағанды Шыңғысхан туралы шығармасын жазу үстінде екенін айтты. Сондағы кейіпкерлердің бірінің типажын бүгін кездестіргенім, ұмытпас үшін қағазға түртіп алғанын жеткізді.

Бір жылдары үлкен ағам Мұхтар Ұлытау ауданында кеңшарды басқаратын. Анам марқұм тірі кезінде Қалағанды Жезқазғанға келіп, бір аптадай ауылда демалды. Менің апайыммен қайынысы ретінде өте жақсы әзілдесетін. Әдептен озбай жеңгесіне еркелеген қайынысының әдемі үлгісі жүрегімізде қалды. Анам да ескінін көзі емес пе, жаратылысы бөлек қайынысының қадірін білді.

Кейіннен Алматыға көшіп келдік. Алғашқыда салт тұрдым. Қалағандың үйіне жиі барып жүрдім. Фарида жеңгейдің аспаздық шеберлігі елден асқан. Үйіне қашан келсең де ыстық бәліш, қойдың сан етін сарымсақпен бұқтырған дәмі тіл үйіретін тамағы әрдайым дайын тұратын. Дастарқаны үлкен бөлменің орта-

ның кең екенін білдіретін. Соның барлығы өзінің айтуымен Отырар кітапханасына тапсырылды.

ӘЛШЕРІМНІҢ АТАЛАРЫ

Есімде, ұлым дүниеге келгенде «ат қоярға» үлкендеріміз – Камал Смаилов, Төрегелді Шарманов және рухани ағам әрі туысым Қалтай Мұхамеджановтың басын қосқанымыз бар. Қалағанды өзі жатқа оқитын араб және парсы рухани әлемінің жарық жұлдызы Әлішер Науаидің есімімен дүние есігін ашқан баламызды атады.

Асыл ағаларымның үшеуі де бұрыннан жолдас. Дастарқан басындағы әңгімелері өте жарасымды. Бірге жүргендегі сыйластықтары да керемет! Бірақ үшеуі үш түрлі. Камал ағамыз әдегеннен жұлқынып алға шықпайтын, басында сәл тежелеп, бірте-бірте қызып барып, бауырын жазған соң қарқын алатын жүйрік сияқты. Төке мен Қалағанды қамшы салдырмайтын жандар ғой. Сол жолы да дастарқан басында шешемнен сәл тартыңқырағанмен, жеке кабинетте тыныстағанда өзара үзеңгі қағысып, кең көсілген еді.

Қалағанды аяқ астынан кетіп қалады деп ойлаған жоқпыз. Жамбас сүйегіне ота жасатып, ол сәтті өтіп, көңілімізді бір демдегендей болып едік. Сөйтсе, үлкен кісілер төсек тартып жатып қалғанда өкпесіне суық тиіп болады екен, соның салдарынан күтпеген жерден айырылып қалдық. Қаралы күндері атақты Шыңғыс Айтматов келді. Ол екеуі «Көктөбедегі кездесуді» бірге жазғанын білеміз. Сол кездерден басталған шығармашылық байланысын ыстық ықыласпен еске алды.

Екеуінің туған күнінің қарасы он күнге жетпейді-ау. Қалағанды айтады: «Сол 1988 жылы Шыңғыстың аты жер жарып тұрған кезі. Горбачевпен жақсы болып Еуропа елдерінің біріне елшілікке тағайындалады. Содан 60-қа толып, телефонмен құттықтадым. Сөздің ретіне қарай: «Қалай, отырысты бастап жатқан шығарсың?» деп едім. «Иә, жаңа ғана Горбачев звондады, Яковлев құттықтады. Енді отырып тойды бастағалы жатырмыз» деді».

Он шақты күннен кейін Қалағандың туған күнінде Шыңғыс Айтматов телефон шалады. Ол да: «Қалеке, мерейтойды бастаған шығарсыңдар?» дейді. «Енді маған Горбачев пен Яковлев звондамайды ғой, бірақ райкомның инструкторы хабарласа ма деп күтіп отырмыз отырысты бастамай» деп қағатта жауап береді. Шыңғыс досы Қалағанды «Мені де қажайттың болдыңыз ба?» деп назын айтқан екен. Қалағандың айтатынындай бар, бұл күндері билік тарапынан айтарлықтай ілтипат болмады. Оның бір себебі бар. Бұл елге Колбин келіп жатқан кез, ұлтшыл, ұлттық мәселені көтереді деген қауіппен билік тарапынан салқындық алдымен Қалтай Мұхамеджановқа түскен еді.

Қайран, Қалағанды! Осы естелікті жазып отырып, үлкен адамның рухымен тілдескендей боламын. Аз жасаған жоқ, өмірінде шен-шекеңсіз болған жоқ, халқының алдында жүрді. Мірдің оғұндай ұлттық сөздерімен шалыс басқанды қалт жібермей, адасқандарға адамдықтың қазығына байлаған сөз мергені еді. Оның ұлттық әзілдерінің парқын түсінген бар, түсінбей өткендер қаншама. Бірақ қанымен де, жанымен де мойнына алған қызметтің астарына үңісем, оның ауқымының түпсіз екеніне көзім жетеді. Қалағанды азамат қоғам алдындағы міндетін сезінбесе, тұлға ретінде халқының алдында адал болмаса, тілінің ұғытын тежел ұстар ма еді?!

Бір жақсысы, Қалағандың әзілдері еске түскен сайын өмірдің иірімін әзілмен орап жіберетін қасиеті көңіліне құлайды. Кейде ағасының інісіне қалдырған аманаты осы екен ғой деп ойлаймын. Түсінген жұртқа еліне қалдырған ұлы тұлғаның мұрасы да осы...

Алихан БАЙМОНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері



тұжырымдарды бір ауыз сөзімен маздататын асқақ тұлғасы өзіне тәнті етіп, күн өткен сайын құрметім ұлғая берді.

ЖАҚСЫ ЖАТСЫНБАЙДЫ

Қалағанды мені тәнті еткен тағы бір қасиеті – оның жан-жақты білімділігі. Өзі өнер және театр институтын бітірген. Шәкірт болған, студент болған кездерінде оқиғаларды айтқанда белгілі бір түйін түйіп отыратын. Ол туралы Қалағанды туралы кітаптарда жазылған да шығар.

Өзінің айтуы бойынша Ташкентте оқып жүргенде «халық жауының баласы неге оқып жүр?» деп белсенділер ізіне түседі. Бұл – Мәскеудің қалаларынан Алматыға, Ташкентке озық ойлы профессорларының бірінің жер аударылып, бірінің үдере көшіп келіп жатқан кезі. Солардың бірі оның дарындылығын көріп, «қуғындатуға қимай» Мәскеудегі ГИТИС-тің профессорының мекенжайын беріп, шығарып салады.



Қалағанды өз бойындағы ерекшеліктерге де әзілмен қарап, өзін-өзі түйреп отудан тартынбайтын. Бұл Қалағандың биік мәдениеті мен еркін рухын көрсетсе керек. Өз халқын шексіз сүйе мен оның рухани болмысын терең түсінудің арқасында Қалағанды кез келген ортаның гүліне айналып, табиғи жаратылысымен жүрген жерін жарқыратып жіберетін

керлері халықтың тілімен сөйлейді, олардың қайғысы да, қуанышы да, автордың ашы тілімен сұғып алатын уыты да сол қоғамның адамдарына тән екенін байқаймыз. Кейіпкерлердің әр қимылы мен әрекетінен, әр сөзінен әркім өзін не танысының қылығын көргендей әсер қалдыратын. Қалағанды жас кезіндегі болсын, есейген шағындағы шығармалары болсын, осы артықшылығынан бір мысқал шегінген жоқ. Жалпы қазақ драматургиясындағы ең әсерлі табиғи диалогтар, қазақтың жанын барынша жалаңаштаған шынайы көріністер осы Қалағандың шығармаларында деп ойлаймын. Сондықтан олар жылдап тұрып күлдіретін, түңілдіретін, асқақтағанды таубасына түсіретін. Оның ерекше талантының бір құпиясын ашып, жазушының өз кейіпкерлерін өмірден алатынына өзін күә болған едім.

90-жылдардың басында Жаңақорғанда Қалағандың інісімен демалып жатқанын естіп, сәлем беруге барып едім, «уақы-

сындағы үстелде жаюлы тұрады. Қалағандың кітапханасының бір бөлігі де сол бөлмедегі сөрелерде жинаулы. Кітап қазына ғой, мені солай қарай тарта береді. Бір кітапқа көзім түссе, байқап қалатын, және ол қай кітап екенін назарым түскен жеріне дәл танып қоятын. Қалағанды өз кітаптарының қай қатарда, қай шетінде тұрғанына дейін жақсы білуші еді. Кейіннен байқағаным, әңгіме қай тақырыпқа болмасын соның өзегі ретінде осы сөрелердегі кітаптардың атын, авторын айтып, қай бетіндегі сөзін де толық жатқа айтып жатушы еді.

Ол кісі қазақ, кеңес дәуіріндегі әдебиет тарихымен ғана емес, дүниежүзілік тарих, әдебиет, дін, заң саласындағы шығармалармен де жете таныс. XIX ғасырдың аяғындағы орыс заңгерлерінің сөздер жинағынан бастап, иудаизмнің тарихы, христиан әлеміндегі оқиғалар жөніндегі зерттеулерді түгел тауысып оқып, сол күндері көпшілік іздеп жүретін танымал туындыларға дейін қаз-қатар тізілген кітаптар жазушы талғам-

Райхан
РАХМЕТОВА

Аталған кешенді жоспарды таныстырған қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов елорда агломерациясына 47 елді мекен кіретінін айтты. Оның ішінде Астана мен Қосшы қалалары және 45 ауыл бар. Сол ауылдардың 12-сі – Аршалы ауданына, 30-ы – Целиноград ауданына, 3-еуі Шортанды ауданына қарайды. Қазіргі таңда Ақмола облысының 46 елді мекенінде 180 мың адам тұрады.

– «ҚР агломерацияны дамыту туралы» заңының 13-бабына сәйкес, агломерацияны дамытудың кешенді жоспары 5 жылға арналып жасалды. Агломерацияға кіретін елді мекендердің қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын анықтау үшін біздің мамандар сол ауылдардың бәрін аралап, дерек жинады. Маңызды мәліметтер, әсіресе халық саны, азаматтардың жынысы мен жасына қатысты дерек жинақталды. Ақмола облысында анағұрлым халық саны көп елді мекен – Қосшы қаласы, мұнда 54205 адам тұрады. Кешенді жоспарда қалалық және кеңістікті жоспарлау, агломерацияның әлеуметтік, көліктік, коммуналдық инфрақұрылымын дамыту мәселелері көрсетілуі керек. Осылайша ауылдар дамуы жағынан 3 топқа бөліп қарастырылды: қарқынды өсіп келе жатқан, дамушы және тоқтараушы. Ауылдардың әрбір тобы даму жағынан жеке тәсіл жүргізуді қажет етеді, – деді басқарма басшысы.

Ақпаратты сараптау барысында 11 ауылда мектептің, 20 ауылда балабақшалар мен медицина мекемелерінің жоғы анықталған. Медицина мекемелеріне келсек те сол жағдай, 7 фельдшерлік-акушерлік пункт, 6 медпункт, 5 амбулатория, 3 жеке емхана Қосшыда орналасса, Қояндыда эндокринология және дәрігерлік амбулатория бар. Іргелес жатқан ауылдардың тұрғындары медициналық көмек үшін неге елордаға ағылатыны осыдан түсінікті.

ІРГЕДЕГІ АУЫЛДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ НЕДЕ?

Агломерация құрамына кіретін көптеген ауылға тән



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елордадағы барлық проблемалы құрылыс бойынша жылдың басында 16 нысан болды. Оларға 4 мыңнан астам үлескер ақша салды. Биыл соның ішінде 3600 адам баспана кілтін алса, қалғаны келесі жылдың бірінші жартысында пәтеріне кіреді. Бүгінгі таңда салынып жатқан 299 тұрғын үйдің ішінде 20 нысан тәуекел аймағында тұр



АСТАНА АГЛОМЕРАЦИЯСЫ: БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН БА?

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында елорданы дамыту бойынша 3 мәселе және бірқатар нормативтік құқықтық акт жобасы қаралды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Астана агломерациясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы талқыланды.

ҚАЛА ҮШІН ТИІМДІ МЕ?

Кешенді жоспар жобасын тыңдаған Астана қаласы Қоғамдық кеңесі мүшелерінің көбі жоспарға көңілі толмайтынын, құжатта көрсетілген жұмыстар елорда агломерациясын жеңілдетуге септік етпейтінін жеткізді.

– Қаланың өзінің мүмкіндігіне қарай дамуы Бас жоспар бойынша жүзеге асады. Ал енді агломерация жағына келсек, Астананың төңірегіндегі елді мекендердің даму жоспарымен бүгін таныстық. Сараптап келе, бұл жоспардан айтарлықтай, тілге тиек етерліктей жаңа ақпарат таба алмадым. Сіздерге қояр сұрағымыз, біріншіден, жайып салған жоспар ішіндегі қаржы мәселелерінің бәрі қаланың бюджетінде қарастырылды ма? Егер қарастырылса, соның пайыз мөлшерін айтсаңыз, төңіректегі елді мекендердегі жағдай, шын мәнінде, қалай? Келешекте қала қай бағытта дамиды? – деді Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов.

ортақ мәселе – инженерлік инфрақұрылымның жоғы немесе нашарлығы, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының болмауы. Агломерацияның кеңістік бойынша дамытуға жүргізілген талдау қорытындысы іргелес елді мекендерді дамытудың бірыңғай стратегиясын әзірлеу үшін аталған аумақтағы қала құрылысы жобаларын жаңарту керегін көрсеткен. «Астана Бас жоспары» мекемесі Астана агломерациясын жаңа шекаралық аумақтық дамытудың өңіраралық сұлбасына түзету енгізуді бастады, оны 2024 жылы желтоқсанда аяқтау көзделуде. Осылайша негізгі мәселелер анықталды, оларды атап айтар болсақ, Ақмола облысының елордамен іргелес елді мекендеріндегі халық санының өсуі, жұмыс іздеу, оқуға бару, емделу мақсатында агломерация орталығына ағылу процесінің күшті болуы, әлеуметтік инфрақұрылым

нысандарының жетіспеушілігі, инженерлік және көлік инфрақұрылымына жүктеменің жоғарылауы, өндіріс пен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс индустриясы, рекреация саласында өндірістік әлеуеттің дұрыс дамымауы.

– Кешенді жоспарда 7 стратегиялық бағыт, агломерацияны дамыту мақсаттары мен міндеттері, соның ішінде коммуналдық, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, абастандыру, қоршаған ортаны қорғау және сақтау, өндірісті, тұтынушылық нарықты дамыту, агломерация аумағында көші-қонды реттеу саласындағы міндеттер белгіленген. Сонымен қатар іс-шаралар жоспарында агломерацияны дамытуды сипат-

тайтын міндеттер мен мақсаттар, көрсеткіштер мен индикаторлар көрсетілген. Заңға сәйкес, кешенді жоспар тек стратегиялық бағыттардан ғана емес, сонымен бірге, жауапты орындаушылар, жүзеге асыру мерзімі, қаржыландыру көлемі мен көзін көрсете отырып, нақты іс-шаралардан тұруы тиіс, – деді А.Ахметов.

Елордада барлығы 63 іс-шара жоспарланған. Олардың бәрі елорданың шет аймақтарында жобаларды жүзеге асыруға бағытталған. Аталған басқарма ұсынған 53 жоба агломерациялық байланыстарды дамытуға арналған. Атап айтсақ, шет аймақтар аумағында бірыңғай көлік-логистика кешенін дамытуға 27 жоба, жоғары тех-



ПРОБЛЕМАЛЫ НЫСАНДАР АЗАЯДЫ

Отырыста күн тәртібіне сай келесі мәселе, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес, проблемалы нысандардың құрылысын және жаңа тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтау жөніндегі Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының есебі тыңдалды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елордадағы барлық проблемалы құрылыс бойынша жылдың басында 16 нысан болды. Оларға 4 мыңнан астам үлескер ақша салды. Биыл соның ішінде 3600 адам баспана кілтін алса, қалғаны келесі жылдың бірінші жартысында пәтеріне кіреді. Бүгінгі таңда салынып жатқан 299 тұрғын үйдің ішінде 20 нысан тәуекел аймағында тұр. Әкімдік пен біздің басқарма бірлесе, аталған құрылыстар бойынша жұмыс жүргізіп, 6 нысанға қатысты тұрғын үй құрылыс кооперативтері құрылды. Жаңа инвесторлар табылды. 9 нысан бойынша жұмыс баяу болса да тоқтамай жүрде, – деді аталған басқарма басшысының орынбасары Бауыржан Қайратұлы.

Ол үлескерлікпен берілетін үйлер құрылысына қатысты заң күшейгенін жеткізді. Отырыс соңында «Елорда құрылыс» компаниясының бас директоры Рүстем Тәуекелов компанияның 2023 жылдағы жұмысына қатысты есеп берді.

нологиялы өндірісті дамытуға 15 жоба, спорт нысандарына 6 жоба, көлік инфрақұрылымына 2 жоба, білім беруге 1 жоба арналып отыр.

Басқарма басшысы одан әрі аталған кешенді жоспардан қандай нәтижелерге қол жеткізілетінін айтты. Биыл 30 қарашада жоба қоғамдық тыңдауда тыңдалып, оған агломерацияға кіретін елді мекендердің тұрғындары және аудандық мәслихат депутаттары қатысқан. Ал 1 желтоқсанда Астана агломерациясының жергілікті кеңесі отырысында кешенді жоспар жобасы бірауыздан қолдау тапқан. А.Ахметов одан әрі орталық мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізу, Үкімет бекітуі үшін Ұлттық экономика министрлігіне беруге дейін Астана қоғамдық кеңесінің осы жоспарды келісуін сұрады.

Кешенді жоспардың басты бағытының бірі елордаға ағылған көші-қонды тоқтату екенін айтқан А.Ахметов урбанистік ағын қаланың өзіне, инфрақұрылымына жүктеме түсіріп тұрғанын жеткізді.

– Ильинканың шығыс жағында біздің мектептер бар. Бұл алапты облыстан тек үлкен айналма жол ғана бөліп жатыр. Осы алаптағы мектептерде бала саны тым көп. Ал арғы жағындағы тиіп тұрған облыстық мектептеріне барушылар аздау. Себебі адамдар қалаға қарай ұмтылады. Балаларының қала мектебінде оқығанын қалайды. Денсаулық сақтау саласында да осындай жағдай. Елдің бәрі қалаға келіп, заманауи жағдай жасалған емдеу мекемелеріне көрінгісі келеді. Аталған 46 елді мекеннің көбінде даму бойынша Бас

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
ҮЛЕСІ ҚАНДАЙ?

Астанада қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту мақсатында кешенді және жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қала әкімдігі тарапынан елордадағы көлік кешенін, жылжымалы құрамды жаңарту және автобустардың аралық ұзақтығын қысқарту жолында көптеген жұмыс атқарылды.

– Бүгінде қала тұрғындарының жартысынан көбі қоғамдық көлікті пайдаланады. Елордада 6 автобус паркі бар. Қала бойынша 95 бағыттан тұратын 1357 қоғамдық көлік қатынайды. Елорданың автопаркін жаңарту бойынша жұмыс белсенді жүріп жатыр. Биыл 289 жаңа қоғамдық көлік жеткізілді. Қоршаған ортаның ластануын азайту үшін электробустар сатып алынды. 6 автопарктегі 1357 автобустың 120-сы – электробус, 20-сы – гибриді автобус (электр және дизель), 1217-сі – дизельді автобус, едәуір бөлігі Еуро-6 стандартына сәйкес келеді. Қалалық тасымалдауды төмен қабатты қауіпсіз автобустар жүзеге асырады. 2017 жылдан бастап заманауи автобус сатып алынды, қоғамдық көліктер 85 пайызға жаңарды, – дейді «City Transportation Systems» ЖШС көлікті үйлестіру департаментінің директоры Мәди Сарбасов.

Көлік кешенін үнемі жаңғырту үздіксіз жүріп жатыр. СТС мамандары жаңа маршруттарды іске қосу, кестелер санын ұлғайту, жылжымалы құрамды ауыстыру арқылы қоғамдық көліктің жұмысын жақсарту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін 8 жаңа бағыт іске қосылса, жыл басынан бастап жұмыс күні 74 кестеге және демалыс күні 52 кестеге ұлғайтылды.

Қолданыстағы маршруттар қозғалысының схемаларын оңтайландыру жүргізілді, ондаған маршруттың кестелер саны ұлғайды. Қаланың қолданыстағы маршруттар желісі негізгі магистралдық көшелерді, тұрғын алаптарды қамтиды және елорда халқының басым бөлігіне қоғамдық көлік қыз-

БИЫЛ 289 ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ЖЕТКІЗІЛДІ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУЫН АЗАЙТУ ҮШІН ЭЛЕКТРОБУСТАР САТЫП АЛЫНДЫ. 6 АВТОПАРКТЕГІ 1357 АВТОБУСТЫҢ 120-СЫ – ЭЛЕКТРОБУС, 20-СЫ – ГИБРИДТІ АВТОБУС (ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ДИЗЕЛЬ), 1217-СІ – ДИЗЕЛЬДІ АВТОБУС, ЕДӘУІР БӨЛІГІ ЕУРО-6 СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕДІ



КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ – ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ



Жолаушылар тасымалы – қашанда елорданың экономикалық және қоғамдық өмірінің маңызды саласы. Көлік инфрақұрылымы бүгінде айтарлықтай өркендеп, дамып келеді. Тәуелсіздік шежіресімен бірге үлкен асуларды еңсерді. Заман ағымына қарай көлік саласында көптеген өзгеріс бар. Қазір халыққа қызмет көрсету сапасы анағұрлым жақсарған. Жолаушылар және жүк тасымалдау паркттері жаңа техникалармен толығып, қызмет көрсету деңгейі де едәуір артқан. Олардың көпшілігі мемлекеттің қолдауы арқасында жүзеге асуда.

метін көрсетеді. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қоғамдық көліктің барлығы жолақы төлеудің электронды жүйесіне көшті.

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

2023 жылдың қыркүйегінен бастап жолаушыларға, сондай-ақ елорда қонақтарына ыңғайлы болу үшін жолақы төлеудің электронды жүйесін жаңғырту іске асты. Жаңа жүйе онлайн режимде жұмыс істейді.

Жолақы төлеудің жаңа электронды жүйесі онлайн режимде мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

* Transcard көлік карталарын жедел толықтыруды іске асыру және екінші деңгейдегі банктер мен төлем ұйымдарының барлық қолжетімді сервисінде қолданыстағы тарифтер бойынша жолақыны онлайн режимде төлеу (ағымдағы жылдың қазан айында автобустарды жаңа жабдықпен жаратқандырып, кейіннен алдыңғы жүйеде пайдаланылатын көлік карталарының жаңа жүйеде тіркелуіне қарай қолжетімді болуы);

* екінші деңгейдегі банктердің банк карталары арқылы жолақы төлеу тәсілдерін кеңейту, NFC төлемі (смартфон, смарт сағат), QR-код пен Bluetooth технологиясы;

* жүйенің барлық операциясын онлайн режимде мониторингілеу және төлемдердің барлық түрі бойынша бөле отырып, жасалатын валидацияларды ұсынылатын жүйеде көрсету және нақты уақыт режимінде дербес есепке алуды, жалпы жолаушылар ағынын жүзеге асыру мүмкіндігі;

* мобильді қосымшаларда белсенді халық үшін және азаматтардың жеңілдік берілген санаты, сондай-ақ оқу орындарының оқушылары үшін виртуалды картаны енгізуге мүмкіндік береді.

Әзірге қолданыстағы көлік карталарын ауыстыру көзделмейді, жаңа жүйеге өту кезеңімен жүргізіледі.

АВТОВЫС – МОБИЛЬДІ ҚОЗҒАЛЫС

Автobys – бұл жолаушыларға мобильді қосымша немесе көлік картасы арқылы қоғамдық көлікте жолақы төлеудің ыңғайлы және сенімді әдісін ұсынатын инновациялық қызмет. Қызмет пайдаланушылар үшін ыңғайлы болғандықтан, бір рет басу арқылы әртүрлі төлем жасай алады.

Автobys қоғамдық көлікте жолақы төлеудің көптеген ыңғайлы әдісін ұсынады. Bluetooth, NFC, QR-код және банк карталары сияқты инновация арналары, соның ішінде Apple Pay, Samsung Pay, смарт сағатпен төлем жасау және т. б. төлемдерді тез әрі қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ трекингті немесе мемлекеттік көлік нөмірін

пайдаланып, сапарға ақы төлеуге болады.

Қосымшаның балансын QIWI, Kassa24 төлем терминалы, электронды әмиян, интернет-банкінг арқылы толтыруға болады. Қолданбада Автobys әмиянынан көлік картасына, сондай-ақ басқа пайдаланушылардың Автobys әмияны мен көлік картасына қаражатты жылдам аудару мүмкіндігі бар. Саяхат пен жолаушылар шоты туралы барлық ақпарат «бұлтта» сақталады. Жүйенің жоғары жылдамдығы лезде толтыруға және төлеуге кепіл болмақ.

Астанада жоба ағымдағы жылдың тамыз айында басталды. Жүйе барлық қалалық автобуска кезең-кезеңімен енгізілуде, қазір оған көлік құралдарының 60 пайыздан астамы қосылған. Келесі жылдың басында жүйеге қаланың барлық автобусы қосылады.

Астанада Автobys жүйесі арқылы тәулігіне 200000-ға жуық билет төленеді. Автobys қосымшасы арқылы жол жүру ақысының ТОП-3 түрі бар. Олар – QR-код – 40 пайыз, NFC – 26 пайыз, Bluetooth – 16 пайыз. Билеттер саны бойынша ТОП-3 бағыт – №15, №32 және №61 бағдар.

Бүгін Автobys Қазақстанның 14 қаласында – Астана, Атырау, Ақтөбе, Орал, Бейнеу, Хромтау, Жезқазған, Павлодар, Семей, Екібастұз, Ақсу, Қонаев, Ұзынағаш және Аягөзде енгізілді.

АСТАНАДА АВТОВЫС ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ТӘУЛІГІНЕ 200000-ҒА ЖУЫҚ БИЛЕТ ТӨЛЕНЕДІ. АВТОВЫС ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ЖОЛ ЖҮРУ АҚЫСЫНЫҢ ТОП-3 ТҮРІ БАР. ОЛАР – QR-КОД – 40 ПАЙЫЗ, NFC – 26 ПАЙЫЗ, BLUETOOTH – 16 ПАЙЫЗ. БИЛЕТТЕР САНЫ БОЙЫНША ТОП-3 БАҒЫТ – №15, №32 ЖӘНЕ №61 БАҒДАР



Жаңа жүйе деректерді талдаудың озық технологияларымен жабдықталған. Big Data Analytics жолаушылар ағыны туралы нақты және ашық статистиканы алуға мүмкіндік береді. Әкімдік пен тасымалдаушылар төлемнің кез келген параметрі мен әдісі бойынша онлайн-статистикаға қол жеткізе алады, маршруттар бойынша трафикті бағалай алады, автобустардың кестесі мен маршруттарын қадағалай алады. Осы мәліметтер бойынша қоғамдық көлік ресурсын нақты уақыт режимінде басқаруға болады. Сонымен қатар талдау әкімдікке қоғамдық көліктің жұмысы туралы нақты және сенімді деректерге сүйене отырып, тасымалдаушыларға негізделген субсидияларды төлеуге мүмкіндік береді. Бұл мемлекеттік бюджетті тиімді пайдалануға ықпал етеді және ұзақ мерзімді перспективада қоғамдық көлік жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Автobys мобильді қосымшасын Google Play, App Store, App Gallery арқылы жүктеуге болады. Жасалып жатқан іс-шаралар жылжымалы құрамның қазіргі тапшылығын азайтуға және маршруттарғы кестелер санын көбейтуге оң әсерін тигізіп, автобустардың жүру аралығын қысқартуға әкеледі. Сондай-ақ инвесторлар автопаркттерге атмосфераны зиянды шығарындармен ластанмай, үнемді әрі экология тұрғысынан таза электробустар сатып алады. Бұл әсіресе қалалық жағдайда маңызды.

«АҚЫЛДЫ ЖОБАЛАР» – ҚОЛАЙЛЫ ҚОЗҒАЛЫС КЕПІЛІ

Қиылыста диагональді ауысуды енгізудің нәтижесінде көлік-жауу жүргініші қақтығысы мәселесі шешіліп, бұл жаяу жүргіншілердің соқтығысу жағдайын едәуір азайтты. Сонымен қатар көлік құралдарының қиындықсыз бұрылуы осы қиылыста айналмалы қозғалыстың өткізу қабілетін арттырды. Сол жақ бұрылыстарға тыйым салу және қоғамдық көлікке бөлінген бұрылысты ұйымдастыру арқылы қиылыстардың өткізу қабілеті мен қоғамдық көліктің өткізгіштігі артты.

– Маршрут желісі бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесінде автобус тасымалдау қызметінің сапасы артты. Жүргізушілер арасындағы «жарыс», аялдама пункттерінде ұзақ тұру, аялдама жүргізушілеріне тоқтамай өтуі, жүргізушілердің дөрекілігі сияқты бұзушылықтар азайды. Қоғамдық көлікті пайдаланатын тұрғындардың үлесі 50 пайыздан асты. Автобус паркі жаңарып, ескірген автобустар пайдаланудан шығарылды, 85 пайыз жаңа автобустар сатып алынды, оның 120-сы – электробус, – дейді «City Transportation Systems» ЖШС көлікті үйлестіру департаментінің директоры Мәди Сарбасов.

Сатып алынған автобустар елорданың климат жағдайына бейімделген (қос әйнек, күшейтілген жылыту және ауа баптау жүйесі), автобустардың едені төмен және ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған пандус орнатылған, бейнебақылау, диспетчерлеу, ақпараттандыру және жолақы төлеудің электронды жүйесі секілді барлық жүйемен жабдықталған. Басқа өңірлерде қатты аяз болғанда қоғамдық көліктер аязға шыдамай, қатып қалғаны белгілі. Мысалы, Қостанай қаласында кейбір автобустардың қысқы дизель отыны қатып қалып, жолға іргелес аумаққа қатынайтын автобустар жүрмей қалған. Көптеген өңірде, қалада қоғамдық көлік қозғалысы шектелген. Ал елордалық автобустар қақаған аязда да қатардан шықпай, халыққа қалтқысыз қызмет етуде. Бұл – астаналық қоғамдық көліктің ең бір үлкен жетістігінің бірі.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Сонымен қатар Президент жағдайдың жақсармауына көкөніс сақтайтын қойманың жетіспеуі себеп болғанын айтып, 2025 жылға дейін қалада 13 мың тоннадан астам көкөніс сақтайтын қойма салуды, Ауыл шаруашылығы министрлігіне Астана қаласы мен Ақмола облысы әкімдіктерімен бірлесіп, елорданың айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөнінде пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды.

Елорданың іргесі жыл сайын кеңейіп, тұрғылықты халқы көбейіп келеді. Жан санының артуына ілесіп қаланың инфрақұрылымы мен азық-түлікпен қамтамасыз ету ісіне түсетін салмақ та артқаны белгілі. Әсіресе бас қала тұрғындарын сапалы әрі қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету елорда Есілдің жағасына ірге тепкен күннен бастап маңызды мәселеге айналған. Сол себепті «Елорданың азық-түлік белдеуі» құрылып, оған мемлекет тарапынан қыруар қаржы да бөлінген-тұғын. Алайда бұл жобаның атқарылуымен елорданың азық-түлік мәселесі түбегейлі шешіліп кеткен жоқ. Атап айтқанда, Арқа төсіне астана салғанымызға 30 жылдан асқанмен, бас қаланың басты азық-түлігін әлі күнге дейін алыс аймақтардан, керек десеңіз, шетелден тасимыз. Өйткені астананың төңірегіндегі ауыл, аудандарда өндіріс әлі ойдағыдай өркендемей тұр.

Жалпы Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етуде Ақмола облысының мүмкіндігі мол. Былайша айтқанда,

АЗЫҚ-ТҮЛІК БЕЛДЕУІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Мемлекет басшысы Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізгенде Астана азық-түлікті Алматыдан 4 есе, ал Шымкенттен 2 есе аз өндіретінін айрықша атап, «Жалпы барлық өңірмен салыстырғанда қала бұл көрсеткіш бойынша соңғы орында тұр. Кейінгі 8 жылда елордаға әкелінген азық-түлік импорты 3 есеге артты. Негізінен, осы жерде шығаруға болатын өнімдер туралы сөз болып отыр. Бұл ретте жергілікті қайта өңдеу кәсіпорындары тек жарым-жартылай жұмыс істеп тұр» деген болатын.

аграрлы облыс елорданы табиғи сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етуде көш бастап тұр деуге болады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша соңғы жылдары өңірде, егіншілікпен қоса, мал және құс шаруашылығының дамуына зор көңіл бөлінуде.

Облыста қазір жылдық өндіріс қуаты 87,5 мың тонна ет өңдейтін 15 кәсіпорын; жылына 137 мың тонна сүт өнімдерін өндіретін 14 кәсіпорын; жылына 794,8 мың тонна ұн дайындайтын 36 зауыт; жылына 101,4 мың тонна майлы дақылдарды өңдейтін 8 кәсіпорын бар. 2023 жылдың қаңтар-қазан айларында облыста 184,2 млрд теңгенің азық-түлігі өндіріліп,

2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 108 пайызға артқан. Бұдан бөлек, шағын көлемде азық-түлік өндірісімен айналысатын серіктестіктер де аз емес. Осы өндіріс орындары өнімдерінің дені бас қаланың базарында сатылымға шығады. Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметі бойынша қазіргі таңда облыста 130-ға жуық өндіріс ошағы Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етуге атсалысып, «Магнум», «Астықжан», «Смолла», «Еуразия», «Әлем», «Шапағат» базарлары сынды 44 ірі сауда орындарына өз өнімдерін жеткізуде. Мұның ішінде 68 кәсіпорын мал шаруашылығы өнімдерін (ет

және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері), 8 кәсіпорын құс өнімдерін (құс еті, жұмыртқа), 54 кәсіпорын өсімдік өнімдерін (ұн, картоп, көкөніс, өсімдік майы және т. б.) жеткізеді.

2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша облыстан елорда базарларына 38,2 мың тонна сүт өнімі; 25 мың тонна ет және ет өнімдері; 210 млн дана жұмыртқа жеткізілген. Өрине, бұл елордаға қажетті азық-түліктің 30 пайызына да жетпейді. Былайша айтқанда, бас қала өзіне қажетті азық-түліктің денін әлі де алыс облыстардан, кейбірін шетелден импорттап отыр. Бұдан шығатын қорытынды: Астанаға жақын Ақмола, Қарағанды облыстарының ел астанасын

азық-түлікпен қамтамасыз етудегі мүмкіндігін толық пайдалана алмай отырмыз. Әсіресе астананың іргесіндегі өңірлердің елордаға көкөніс, сүт, жұмыртқа, ет жеткізу қуаты әлі әлсіз. Бұл өңірге ірге теуіп, бір жағынан, жергілікті халықты жұмыспен қамтып, бір жағынан, қаламызға қажетті азық-түлік өндірумен айналысатын ірі кәсіпорындар жоқтың қасы. Мемлекет бұл мәселеге баса назар аударып, әр жылы жүйелі жоспар жасағанмен, нақты өнімге қол жеткізе алмай отырмыз. Мәселен, іргемізіндегі Қосшы қаласының өзінде аз ғана жерге көкөніс өсіріп, жылына Астана базарына неше мың тонна көкөніс жеткізіп отырған шаруалар бар.

Алайда олар өндіріс көлемін кеңейтейін десе, оған қажетті тиімділік жасалмай отыр. Нақты айтқанда, кең кесіліп көкөніс егетін десе жер жоқ. Өйткені Қазақстанның халқы аз, жері кең болғанмен, қазір мал бағатын, егін салатын жер ала алмай сандалып жүрген азаматтар аз емес. Жердің көбін шенділер мен олардың тамыр-танысы, қалталылар иемденіп алған. Ауылдың іргесіне дейін егін салып, ауыл тұрғындары сауып отырған жалғыз сиырының құйрығынан ұстап бағатын жағдайға жеткен. Міне, осы мәселелердің шешілмеуі Астанада азық-түлік бағасының басқа өңірлерден қымбат болуына мұрындық болып отыр.

ЖӘРМЕҢКЕ – БЕРЕКЕЛІ ҮРДІС

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, оны сату, әрбір дақылды рәсуа етпей қайта өңдеу – тауар өндірушілердің, бір сөзбен айтқанда, диқандардың маңдай тері, табан ақысы адалынан келіп, қырманы қызыл болуының бір белгісі. Бәрі сәтіммен болса, шаруақордың ала жаздай бейнетінің қайтарымы ретінде қаржы тұрақтылығын арттырудың ең маңызды бағыты.

Айгүл УАЙС

Нарық қатынасы жүйесі дамыған елдерде ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынушыларына тікелей сату – мейндрменттің құрамдас бөлігі. Бұл, бір жағынан, ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру мен өңдеу өнеркәсібінде, осы іспен айналысатын ұжымдарда маркетинг стратегиясының негізін құрайды. Яғни сатушы мен сатып алушының арасындағы делдалдардың қолын қысқартып, өнімді тұтынушыға жеткізуде тиімсіз шығындарды болдырмауға көмектеседі. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлікті тарату, өңірлердің бренд тауарларын насихаттаудағы орны бөлек Астанада өтетін жыл сайынғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі диқан мен халық арасындағы алтын көпір деп айтуға әбден болады.

Үрдіс 2017 жылдары басталған еді. Бас қаламыз ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізу кезінде әр аймақтан келген ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өңірдің мәдени күндерімен қатар өтті. Біртіндеп мәдениет ауқымы жаңа форматқа ауыса да, жыл сайынғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі қалалықтардың асыға күтетін, көңілге тоқтық әкелетін берекелі мерекесіне айналды.

Сол жылдан бері шығыстың балы, Сырдың күрші, Атыраудың балығы, Жаңаарқаның қымызы, Ақтөбенің тарысы, Жетісудың алмасы, солтүстіктің ұны мен Түркістанның көкөнісі астаналықтар дастарқанының көркін кіргізіп келеді. Әдетте, өңірлерден келген ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі күздің алғашқы айында әр сенбі-жексенбіде өтеді. Биыл да берекелі мезгілдің басты оқиғасы болып, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің маусым сәтті аяқталды. Жалпы алғанда, оған республиканың әр өңірінен 600-ден астам фермер қатысты. Олар 10 мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдерін нарықтағы бағадан әлдеқайда арзан етіп жеткізіп, қала тұрғындарына сатты.

Жәрмеңкелер халықтың көңіл күйін көтеріп, жақындастыратын қасиеті де бар. Ұзын-сонар сауда сөрелері, жүк тиелген көліктері қатар орналасып, сатып алушылар топ-тобымен келіп-кетіп жатуы да ерекше көрініс. Бұл кәдімгі базарларға қарағанда айырмашылығы бар. Диқандармен бірге келген көркемөнерпаздар ұжымы да осы ән мен дәннің мерекесіне үлесін қосып, думандатып жібереді. Байқаған жанға сатып алушылардың тауар өндірушілеріне деген құрметі сезіліп тұрады. Жыл сайын алыстан ат арытып азық-түлік жеткізген диқандарға деген алғысы да болар. Сатушылар астана-



лықтарға қызметін жылы қабақпен көрсеткеніне куә болдық. Әркім әр облыстан өз керегін іздейді. Расында, Астана тұрғындарын құрайтындар – осыдан 30 жыл бұрын келген әр өңірдің тумасы. Қызмет бабымен не болмаса үлкен шаһарда өмір сүрген келгендердің санасында жас күннен дәмін біліп, жеп өскен сүйікті асы болады. Мінеки, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жылдан-жылға дәстүрге айналып, оның тиімділігін дәлелдейтін де бір себебі осы өнімдердің өтімділігі болса керек.

«Бренд» деп соңғы кезде айтып жүрміз. Әр өңірдің климат жағдайына қарай тек сол жердің суы мен күніне, көп жылдық диқандардың тәжірибесіне негізделген өтімді өнім бар. Жыл сайынғы жәрмеңкенің арқасында әр облыстан келетін өнімді күтіп, сол дәмді жегіміз келіп дәмәтін отыратын әдетіміз де бар.

Осы кезең елдің тісі қызылға тиіп, аузы аққа жаритын кезеңі деуге болады. Өйткені бұрынғы күздік деп аталатын соғымға дейінгі етті осы жәрмеңкеден бастап сатып алады. Қаламызда ет дүкендері не болмаса базарлар да жоқ емес. Алайда жәрмеңкеден ет сатып алудың сәні бөлек. Еттің бабын білетіндер өңірлердің өсетін шөбі мен

шабындығына қарай сол жерде өскен малдың дәмін келтіреді дейді. Егер өңір шөлейтті, шөбі ащы болса, оны жеген малдың еті де татымды келеді. Оған қосарлана сатылатын шұжықтар мен ет өнімдері де төбәтті көрінді. Бүгінде ет өңдеуді жақсылап үйреніп алды. Қайнатылған, ұсталған, кептірілген дейсіз бе, әртүрлі дәмдеуіш қосылғаны болды. Жәрмеңкеге түскен заттың бәрі ветеринарлық тексеруден өткен, әдемілеп орап қойған заттың бағасы да қуантады.

Жетісу мен Алматы алмасымен атақты. Шетелден келген алмалармен салыстырғанда өз елімізде өсетін алманың дәмі ерекше, иісі аңқып тұрады. Көпке дейін сақталмайтындықтан, мезгілінде жеп алғанға не жетсін! Жыл бойы ауыздан дәмі кетпейтіндей мольнан алып, артылғаны – түрлі тоспа жасайтын қалалықтар үшін жақсы мүмкіндік.

Бағыс Қазақстан облысымен бірігіп келген Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерінің өз ерекшелігі бар. Алдыңғы облыс өнімді қайта өңдеуге мән берсе, Сырдың ақ күршіні қаппен алып жатқандардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Тегінде, қала базарында

күршінің түр-түрі бар. Алды Бұхара, Ташкент, Қытайдан да келіп жатыр. Алайда Қызылорда ақ маржанының жөні бөлек. Сауда жасаудың да мәдениеті қалыптасып жатқанын осы өңір шаруа қожалықтарының қызметінен көрдік. Сатушылардың біртекті киімі көзге түсті. Сауда қатарындағы тазалық та ұйымдастырушылардың дайындығын білдіреді. Бұл жәрмеңке – «Қазалы» кәмпітінің күні. Астаналықтар келілеп алып жатуына қарағанда, бұл тауар нарықтан ойып тұрып өз орнын алған секілді.

Жүк көлігіне лық тиелген қауынның барлық түріне қарап сұраныс болса тауардың да табылатынына сенімдіміз. Бұрын жоғалып бара жатқан күләбі, сарала, торлама, шытырлақ, тағы басқа Сырдың бойында өсетін қауындар ерте пісетін өзбектердің қауындарын ысыра алмаса да, жәрмеңке болғанда елордалықтар сатып алып бір жасап қалады. Бағасы да жақсы.

Шығыс Қазақстан облысы балымен белгілі. Биыл күзде шығыстан келген 50 тонна балды астаналықтар екі күнде үлестіріп әкетті. Балдың да тұр-түрі бар. Бал өндірушілер сатушыларға әр балдың емдік қасиетін айтып, нағыз балды қант қосылған қойырпақтан қалай ажыратуға болатынын түсіндіріп жатады. Бұл да дәстүрлі жәрмеңкенің бір көрінісі.

Расында да, жәрмеңке осындай жаңалықтарымен таңғалдырды. Ең бастысы, шаруаға да, тұрғындарға да қолайлы жаңа нарықтың қажетін дәлелдеді. Халық та Арқаның ұзақ қысына қажетті азық-түлігін осы жәрмеңкеден қамдап алуға үйреніп, жаңа дәстүр қалыптасты.

Бұған тағы да қосарымыз, елордада екі аудан аумағында демалыс күндері жәрмеңкелер өтеді. Есіл ауданында Сауран көшесі, 7 мекенжайында сенбі-жексенбі күндері ашық аспан астында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі тұрақты жұмыс істейді. Оған Т.Жүргенов көшесі, 27-де өтетін жәрмеңкеге азық-түлік тауарларын көтерме бағамен жеткізушілер, Қарағанды және Ақмола облыстарының жақын аудандарындағы шаруа қожалықтары, сондай-ақ «Шапағат» базарының көтерме саудамен айналысушылары қатысады.

Астанада да, өзге өңірлер сияқты, киберқылмыстың айы оңынан туып тұр. Дәлелді дерек керек пе, мінеки! Елорда аумағында өткен «Hi-tech» ақпарат технологияларын пайдаланып жасалатын қылмыстардың жедел алдын алу іс-шаралары аясында астаналық полицейлер 39 киберқылмыстың бетін ашты.

түсіреді. Сөйтсек, автокөлікке қатысты алаяққа алданғандардың саны одан да көп болып шықты. 33 жастағы астаналық азамат әлеуметтік желілерден жарнама беріп, шетелден сатып алынған автокөліктерді заңдастыруға жәрдемдесемін деп өз қызметін ұсынады. Ол тіпті өзінің жарнамасында көлікті заңдастыратын құзырлы мекемелерде өз адамдары отырғанына дейін ашық жазады. Көлігін заңдастыра алмай сандалып жүргендер оның сөзіне сеніп қалады.

Сөйтіп, олар 300000 теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін ақшасын әлгі алаяқтың банк карточкасына аударады. Ал ақша карточкасына түскен соң, алаяқ зым-зия жоғалады. «Қап, бәлем, тұра тұр!» дейтін әйгілі «Ну, погоди!» мультфильміндегі қасқырға ұқсап, алданған адамдар санын соғып,

атқарған. Тұтынушылармен қалай сөйлесу керегін жақсы меңгеріп, демалыс орындары туралы толық мағлұмат бере алған. Осылайша, көбінесе аңғал адамдарды арбауына түсірген. Тәртіп сақшылары оның тағы бір алаяқтық фактісіне қатысын анықтады. Қазіргі уақытта аталған фактіге байланысты Қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалы жүруде.

КОНЦЕРТ ӨТКІЗЕМІН ДЕП АЛДАҒАН

Астана қаласы Полиция департаменті Есіл аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция қызметкерлері алаяқтық жасады деген күдікпен 30 жастағы қала тұрғынын қолға түсірді. Тергеу барысында әлгі күдікті ер

тық жасады деген күдікпен 24 жастағы жігітті анықтады.

Тергеу барысында анықталғандай, қаскүнем жәбірленушіге белгілі әуе компаниясының қызметкері екенін айтып, оған стюардесса болып жұмысқа орналастыруға көмегін ұсынған. Өзінің «көмегі» үшін ақша алып, кейін әртүрлі сылтау айтып, байланысқа шықпай қойған. Аталған фактіге байланысты «алаяқтық» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалы жүруде. Полицейлер алаяқтардың құрбаны болмас үшін азаматтарға қырағы болуды, бейтаныс адамдарға сенбеуді ескертеді.

«НЕСИЕҢДІ АЗАЙТЫП БЕРЕМІН!»

Қазір несиесі бар адамдар көбейді. Олар үнемі несиесін төлеудің жолын қарастырып,

болғаны, жәбірленушінің тоңазытқышы бұзылып қалады. Жаңасын сатып алуға қаражаты жетпей, «Olx.kz» интернет-ресурсы арқылы өзіне бағасы ыңғайлы затын табады.

Хабарламаның төменгі жағында тұрған байланыс нөміріне хабарласып, тоңазытқышты алатын болып келесі. Қожайыны алдын ала 10 мың теңге төлем салсаңыз, хабарламаны интернеттен алып тастаймын деп уәде етеді. Сұраған сомасын ол көрсетілген нөмірге жібереді. Ақшаны алып болған соң, алаяқ телефонның қоңырауын көтермей қояды, кейін тіпті өшіріп тастаған.

Жедел іздестіру іс-шаралары барысында Есіл ауданы криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған 30 жасар қала тұрғынын анықтады. Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалы жүруде.

КОРЕЯ АЗАМАТЫН АЛДАП КЕТКЕН

Есіл аудандық Полиция бөлімінің қызметкерлері жедел-іздестіру іс-шаралары барысында алаяқтық жасады деген күдікпен 21 жастағы қала тұрғынын анықтады. Тергеу барысында жас қыздың әлеуметтік желі әрқылы елордалық жоғары оқу орнының студенті, Корея Республикасының азаматымен танысына белгілі болды. Бірнеше күн бірге уақыт өткізген екеуі таныстығын жалғастыру үшін сол жағалаудағы қонақ үйге барған.

Жас жігіттің сеніміне кірген қаскүнем телефонының қуаты таусылғанын сылтауратып, одан интернет желісін пайдалану үшін ұялы телефонын беруін өтінген. Осылайша, жігіттің байқамай тұрғанын пайдаланып, банктің қосымшасы арқылы өзінің шотына ақша аударған. Келесі күні қыз кетіп қалғаннан кейін, бірақ ақшасының жоғалғанын байқаған жәбірленуші полицияға жүгінеді.

Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүріп жатыр. Алаяқ жас қыздың елорда аумағында бұрын жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы анықталуда.

РӨЛ ҰСЫНҒАН АЛАЯҚ

Астана тұрғыны полицияға белгісіз адамның тарапынан алаяқтық іс-әрекеттердің құрбаны болғанын және ақшасынан айырылғанын айтып арызданған. Тергеу барысында әйел WhatsApp чатынан жас жігіттің белгілі бір сомадағы ақшаға телехикаяда рөл ұсынғаны туралы хабарландыруын көргені белгілі болған. Оның уәдесіне қызығып, әйел оған 600 мың теңге жіберіп, балалары кинода рөл алады деп үміттенген. Бірақ қаскүнемнің уәдесі екі айға созылып, осы уақыт ішінде ол әртүрлі сылтау айтқан. Телехикая рөлінде ойнауды күте-күте жалыққан әйел полицияға жүгінген.

Жедел-іздестіру іс-шаралары нәтижесінде Байқоңыр ауданы ПБ криминалдық полиция қызметкерлері қаланың 22 жастағы тұрғынын анықтады. Оның елорда аумағында жасалған алаяқтықтың үш эпизодына қатысы бар екені анықталған. Қазіргі уақытта оның басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде. Аталған фактіге қатысты ҚР ҚК 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу амалы жүруде. Аңқау әйелді алдаған алаяқ өзінің қылмысын мойындауға мәжбүр болды.

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҢЫЗ!

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ДӘНІККЕННЕН ҚҰНЫҚАН ЖАМАН

Қазір арам ниетті алаяқтар аңқау адамдарды онлайн-сауда алаңында сан соқтырып, өздері мол ақшаға кенеліп жүр. Алаяқтар өздері әрі саушы, әрі сатып алушы болып «қызмет көрсетеді». Осылайша, олар бірнеше мыңдаған ақшаны оп-оңай қолға түсіріп, ұшты-күйлі жоғалады.

Қазір жұрттың көпшілігі қолма-қол ақша ұстамайтыны анық. Міне, 19 жастағы бір алаяқ осы мүмкіндікті сәтті пайдаланып, Instagram-нан ақшаны көбейтудің оңай жолын ұсынып, жарнамасын жұртқа жібереді. Ол өзінің арам ойын іске асыру үшін бірден WhatsApp-тағы сілтемеге өтуге кеңес береді. WhatsApp-қа көшіп, өзінің құрығына түскен аңқаулармен онлайн тілдескен алаяқ қомақты ақша қол жеткізетінін айтып, абонент нөміріне теңгерме есебінде белгілі бір соманы аударуды сұрайды. Сөйтіп, ол өзінің банк карточкасына түскен ақшаны қалтасына басып, бір ғана адамнан 46 мың теңге «пайда» тапқан.

Ол ол ма, жанын қинамай-ақ, жұртты алдаумен оңай олжаға құнығып алған алаяқ бұған дейін де осындай «кәсібімен» жұрттың ақшасын «қағып» алып жүріпті. Полицейлер оның жақында ғана тағы бір аңқау адамның 40 мың теңгесін үлестіретін анықтады. Қазір полицейлер осындай «сериялық» қылмыстар жасаған алаяққа қатысты іс қозғап, анық-қанығын тергеуге кірісті. Алаяқ болса «тәубесіне» келіп, өзінің қолымен жасаған қылмыстарын мойнымен көтеретінін айтқан. Ал тергеушілер оның елорда аумағындағы осындай басқа да қылмыстарға қатысының бар-жоғын тексеріп жатыр.

АВТОКӨЛІК АЛУҒА «ЖӨРДЕМДЕСКЕН» АФЕРИСТ

Алаяқтың да алаяғы бар демекші, жуырда астаналықтардың зәре-қутын қашырған бір алаяқтың қылмысы ашылды. Қазір жұрттың көбі шетелден арзан бағаға көлік сатып алып, оны заңдастыруға келгенде қиналатыны рас. Міне, осы жағдайды өзінің қара ниетіне тиімді пайдаланған астаналық алаяқ бірнеше миллионды шытырлатып санап алған.

Сарыарқа ауданының полиция бөліміне бір мезетте 6 бірдей алданған адам арыз



бетін тырнап қала береді. Солардың біреуі Сарыарқа аудандық полиция бөліміне барып, арыз беріпті. Сөйтсе, ол автокөлігін заңдастырып беремін деген бөтен адамға 1,5 млн теңгесін жіберіпті. Полицейлер көп ұзамай әлгі алаяқты қолға түсірді. Ол амалының жоғынан өз қылмысын мойындады. Құқық қорғаушылар оны уақытша ұстау абақтысына қамады. Ендігі жерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «алаяқтық» атты бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тергеу амалы жүріп жатыр. Алаяқтың Астана аумағындағы осындай тағы басқа қылмыстарға қатысы тексерілуде. Бұл оқиға жұрттың алаяқтарға өздері алданып, құрығына оп-оңай түсіп қалатынын көрсетіп отыр.

АРБАУЫНА ТҮСІП ҚАЛДЫ

Астана қаласы Сарыарқа ауданы Полиция бөлімшесі криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері алаяқтық жасаған 44 жастағы елорда тұрғынын анықтады. Тергеу барысында қаскүнемнің Түркияға отбасымен демалуға жолдама беремін деген сылтаумен қомақты ақша иемденгені анықталды. Астана тұрғынының 2 миллион 869 мың теңгесін шытырлатып санап алып, ұмытылмас демалыс ұйымдастыруға уәде берген де, жоқ болған. Алданған азамат амалы қалмаған соң, тәртіп сақшыларына арызданған.

Тергеуден кейін белгілі болғандай, алаяқ әйел бұрын да қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны. Ол бұрын туристік компанияда қызмет

адамның эстрада әншілерінің концертін қамтамасыз ете отырып мерекелік іс-шараларды ұйымдастырумен айналысатыны белгілі болды.

Қаскүнем белгілі әншілердің қатысуымен кеш ұйымдастыруға уәде беріп, Астанадағы ойын-сауық мекемелері бірінің директорынан алдын ала төлемге ақша алған. Алайда уәде етілген әншілердің барлығы кешке толық қатыспаған, сондай-ақ қаскүнем оларға төленетін қаламақыны да өз қалтасына салған. Кейін ол әртүрлі сылтау айтып, байланысқа шықпаған. Осылайша, алаяқ барлық шығынды өзі төлеген мекеме директорына жалпы сомасы 6 млн теңге көлемінде материалдық шығын келтірген. Аталған фактіге байланысты сотқа дейінгі тергеу амалы жүруде. Күдіктінің елорда аумағында жасалған сақ болуды, алдын ала төлем жасаудан бас тартуды және көрсетілетін қызметтердің дұрысын тексеруді ескертеді.

СТЮАРДЕССА БОЛУҒА КӨМЕКТЕСЕМІН

Полицияға елорда тұрғыны жүгініп, алаяқтық іс-әрекеттердің құрбаны болғанын айтып арызданған. Жәбірленушінің айтуынша, әлеуметтік желі арқылы танысқан ер адам жұмысқа орналастырып беремін деген сылтаумен оның 150 мың теңге ақшасын иемденген. Астана қаласы Полиция департаменті Нұра аудандық Полиция бөлімінің полиция қызметкерлері алаяқ

соның нәтижесінде алаяқтардың арбауына түсіп қалады.

Жақында Астана тұрғыны полицияға жүгініп, өзінің ескі танысы оның 250 мың теңге ақшасын иемденгені туралы арызданған. Тергеу барысында ер адам жәбірленушіге банкте ықпалды таныстары барын айтып, қайта есептеу сылтауымен ай сайынғы несие төлемін төмендетуге уәде бергені анықталды. Қаскүнемнің сөзіне сенген қыз оған ақша берген. Қолма-қол ақша алғаннан кейін ер адам байланысқа шығуды тоқтатқан. Жедел-іздестіру іс-шараларын өткізу барысында Алматы ауданы Полиция департаменті криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері қаланың 33 жастағы тұрғынын күдікті ретінде құрықтаған.

Полиция оның тағы бір алаяқтық фактісіне қатысы бар екенін анықтаған. Ол қысқа уақытқа ноутбук қажет деген сылтаумен досынан гаджет алып, содан кейін бірден ломбардқа өткізіп жібергені белгілі болған. Сөйтіп, ақшаны өз қажетіне жұмсап жіберген. Аталған фактіге қатысты Қылмыстық кодекстің 190-бабы «алаяқтық» бойынша сотқа дейінгі тергеу амалы жүруде. Ер адам мойындау көрсетпелерін берді, оның елорда аумағында жасалған басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде.

ТОҢАЗЫТҚЫШ САТҚАН АЛАЯҚ

Есіл аудандық Полиция департаментіне қала тұрғыны арызданып интернет-алаяқтың құрбаны болғаны туралы хабарлаған. Болған істің аққарасын анықтаудан белгілі

БАНКТЕР НЕГЕ ҚОРҒАМАЙДЫ?

«Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайды» дегендей, бүгін ескі жараның орнын тырнамақшымыз. Ол – алаяқтық мәселесі.

Әлеуметтік желіні аша қалсаңыз да, теледидар жаңалықтарының көрем десеңіз де «алаяқтардың құрбаны болғандар» жайлы жаңалықтардан көз сүрінеді. Заманауи технология дамыған сайын алаяқтардың алдау схемасы да қоса дамып келе жатыр. Қазір тіпті жасанды интеллект арқылы жақын адамыңның дауысын салып, ақша сұрайтындарды да көріп отырмыз.

Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпарат-сараптама жұмысын күшейтуі қажет» деген болатын.

Тиісті мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың алаяқтықты алдын алуға бағытталған жұмыстары да жоқ емес. Тіпті жақында әлеуметтік желіні шулатып өткен, әйгілі режиссер Олжас Нұрбайдың шынайы оқиғалар негізінде түсірілген «Мошенники» атты сериалын ерекше атап өткіміз келеді. Бұл кинотуындыдағы болып жатқан оқиғалар қарапайым халықтың өмірінен алынған және қазіргі заманауи алаяқтардың жұмыс тетігін жан-жақты көрсетіп, халыққа пайдалы ақпарат ұсынып деген сенімдемсіз. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Дегенмен халқымыздың алаяқтардың құрсауына түсу қаупі әлі де баспалар емес. Ал енді ресми статистика сөйлесін. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистика дерегіне сүйенсек: 2021 жылы республика аумағында 40402 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 39671 азамат 120341 млн теңге көлемінде зардап шеккен; 2022 жылы 42813 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 42621 азамат 97329 млн теңге көлемінде зардап шекті; ал биылғы он айдың өзінде 36462 алаяқтық фактісі тіркеліп, одан 37987 азамат 154110 млн теңге көлемінде зардап шеккен.

Алдыңғы жылмен салыстырсақ, тіркелген алаяқтық саны 15 пайызға азайған, ал зардап шеккендердің қаржылай шығыны, керісінше, 58 пайызға артқан. Бұл дегеніміз алаяқтар саннан гөрі «сапаға» әрекет етпекке көшкен. Нақтырақ айтқанда, «әр құрбаннан» барынша көп ақша өндірудің жолын тапқан. Дәл осындай тенденцияны біз қаржы пирамидасы жайлы статистика дерегінен де байқағанбыз.

Бұдан өзге, еліміздің банктеріне де бірқатар сынымыз бар. Мәселен, қазіргі таңда банктердің барлығы цифрландыру бағытында үлкен қадам жасады. Біз тұтынушылар ретінде көп мүмкіндікке ие болғанымыз рас. Десек те алаяқтардың махинация операциялары бүгінде сол банктердің жүйесі арқылы да өтіп жатқаны жасырын емес. Таңғалатын жайт, банктер қомақты пайда таба отырып, неге өздерінің киберқауіпсіздігін күшейтпейді және тұтынушыларын алаяқтардан қорғай алмайды? Бұл сұрақ тек біздің емес, күллі халықтың көкейінде жүр деп білеміз.

Геннадий ШИПОВСКИХ,
Сенат депутаты



АРДА ҰЛДАРДЫ АРДАҚТАДЫ

Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп-гимназияда «Алаштың арда ұлдары» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Оқу-ағарту министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қолдауымен Астана қалалық Білім басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы, Қайым Мұхамедханов атындағы №90 мектеп-гимназиясы бірлесіп өткізген конференцияда Алаш зиялыларының тарихи және әдеби мұрасы таныстырылды. Жиынға сарапшылар, ғалымдар, ғылыми қызметкерлер, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтары, әдіскерлер, тәрбиешілер қатысты.

Алаш арыстарының мұрасын зерделеген келелі кеңесте Парламент Мәжілісінің депутаты Қазбек Иса, Астана қаласы мәслихатының депутаты Естек Қанат құттықтау сөз сөйлеп, Алаш ардақтыларының ұлт

мұратын биіктету жолындағы еңбектерінің мәні мен маңызына тоқталды. ҚР ҰҒА академигі, алаштанушы, ғалым, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы қазіргі оқушылардың, ата-аналардың кітап оқымайтынын, мұғалімдердің жауапкершілікті толық сезінбейтінін, сапасыз оқулықтар көбейген тұста кітаптың қадірі де азайғанын айта келіп, бұл әдет бізді Алаш арыстарынан алыстата түседі деді.

– Қазіргі балалар да, ұстаздар да газет оқымайды. Газетке жазылмайды. Мәселен, биыл республикалық «Ұлан» газетіне оқушыларды қойып, бірде-бір мектеп жазылмаған. Өз газеттеріңізге өздеріңіз жазылмасаңыздар, ол газет кімге керек?! Газет, кітап оқы-масақ, ұлттық тамырдан, Алаш

рухынан алыстай береміз. Ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың орны ерекше. Әр мұғалім осы жауапкершілігін толық сезінуі, алдында бала емес, ұлттың болашағы отырғанын терең түсінуі тиіс. Әрбір үйде кітап сөресі болуы керек. Оқыма-саңыз да үйіңізде кітап тұрса, оған баланың көзі үйреніп, кітаптың иісін сезініп өседі. Есейе келе кітап оқитын қарист қалыптасады, – деді Дихан Қамзабекұлы.

Пленарлық жиыннан соң «Алаш арыстарының рухани-адамгершілік қызметі», «Б.Сүлейұлы: XX ғасыр басындағы қазақ мектептерінің ролі», «С.Торайғырұлы: Алаш әдебиетіндегі ағартушылық бағыт» тақырыптарындағы секциялық бағдарлама бойынша жалғасын тауып, өзара талқылауға ұласты.

ҚАЗАҚ ПЕН ҚЫРҒЫЗДЫ ЖАЛҒАҒАН

Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тікелей қолдауымен ақын, жазушы, драматург, жыршы-жырау, қазақтан шыққан манасшы Баянғали Әлімжановтың қырғыз халқының әлемге әйгілі Манас эпосына арналған «Алаш пен Манас» атты шығармашылық кеші өтті.



Манастың маңызын айшықтау, ұлағатты тағылымын дәріптеу мақсатында өткен кештің ашылу салтанатында ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев сөз сөйлеп, «Манас» эпосының қазақ пен қырғыздың тарих керуенінде қашанда айрықша маңыз алатынын атап өтті.

«Бүгінде «Алаш пен Манас» шығармашылық кешінің мән-маңызы бөлек. Себебі бұл – қазақ-қырғыз бауырластығының тағы бір жарқын көрінісі, ғасырлар бойы жалғасқан рухани байланысымыздың жаңа заманда да үзілмегенін дәлелі. Сонымен қатар бұл – елімізде алғаш рет өтіп отырған, тұтастай «Манас» эпосына арналған тұңғыш кеш. Бізге осындай мазмұнды кеш сыйлаған манасшы

Баянғали Әлімжановқа алғысымыз шексіз» деді ол.

– Тарихи ғана емес, тағдыры да қатар өрілген бауырлас жұртты біріктіретін қасиет-құндылық аз емес. Соның бірі де бірегейі – «Манас» дастаны. Гиннестің рекордтар кітабына енген «Манас» жыршының түгел түркі үшін бағасы айрықша зор. «Манас» – қырғыздың ұлы эпосы ғана емес, түркі халықтары эпикалық мұрасының алып шыңы. Телегей теңіз бұл жырдың көлеміне әлемде бірде-бір эпикалық ескерткіш теңесе алмайды. «Манас» жырында жалпы алты Алаштың, түгел түркінің бірлігі дәріптеледі. Жырда тек қырғыз тарихына қатысты ғана емес, қазаққа байланысты да көптеген мәлімет, дерек бар, – дейді

кеш иесі, жыршы Баянғали Әлімжанов.

Екі бөлімнен тұратын кештің алдыңғы бөлімінде қазақ жыршысы осыдан 167 жыл бұрын Ш.Уәлиханов жазып алған нұсқадан бастап ұлы жырды жаңғырта жырласа, екінші бөлімі сұрақ-жауап, бәссынақ түріне ауысып, көрермендер «Манас» жырының кез келген жерінен сұрақ қойды.

Баянғали Тоқанұлы Әлімжанов – 75 кітаптың авторы, 27 томдық шығармалар жинағы жарыққа шыққан. Сондай-ақ 5 көркем, 6 деректі фильмнің авторы. Шығармалары әлемнің 20 тіліне аударылған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің, Қырғызстанның «Достық» орденінің иегері.

ИГІ ІСТІҢ ИГІЛІГІ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қала әкімдігімен бірлесіп «10 игі іс» қайырымдылық іс-шарасын өткізді.

Қала тұрғындарының әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету, тосын жағдайлардың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған қайырымдылық шарасына қатысушылар осал топтардың үйіне барып, өрт кету мүмкіндігі бар пештерді қауіпсіз күйге келтіріп, мұр-жаларды тазартты, электр сымдарының ақауын жойып, көміртегі тотығын анықтау

датчигін орнатты. Сондай-ақ тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарымен таныстырып, өрттен сақтанудың қарапайым әдісін түсіндірді.

Сонымен қатар, кейбір аулалардың қарын тазалап, мұқтаж жандардың қатысты жұмысына қолғабыс жасады. Азық-түлік пакетін таратып, тұрмыс жағдайы төмен отбасылардағы балаларға жаңа

жылдық сыйлықтар ұсынды.

Астана қаласының әкімдігі мен қалалық Төтенше жағдайлар департаменті қала аумағында өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында әртүрлі іс-шара өткізіп, тұрғындарға өрттен сақтану білімін үзбей-жесінде қалада бейқамдықтан орын алатын өрт оқиғалары азайды.



«ТОБЫЛҒЫ ТОРЫ ТОЛҒАУЫМ»

Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы Астана мемлекеттік академиялық филармониясының концерт залында танымал ақын, жазушы, этнограф Бауыржан Шормақұлының 60 жылдық мерейтойына орай «Тобылғы торы толғауым» әдеби-сазды шығармашылық кеші өтті.

Мерейтой кешінде қаламгердің «Қайран шешем», «Ой түбінде жатқан сөз» жыр жинақтарының, сондай-ақ оның өмірі мен шығармалары жайлы жазылған «Мірдің оғы» жинағының тұсауы кесілді. Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев құттықтау хатын жіберіп, мерейтой иесінің алдағы шығар-

машылық жолына табыс тіледі.

Бауыржан Шормақұлы – Қытай қазақтарынан шыққан танымал ақынның бірі. Арғы бетте әр жанрда жазған «Қорамсаққа қол салдым», «Қоламта», «Қандауыр», «Тағдыр» сынды 20-ға жуық кітабы жарық көрген. Еңбектері үшін «Тұлпар» әдеби сыйлығы берілген. Халық

мұрасының жанашыры ретінде алашшыл ақын Таңжарық Жолдыұлының мұраларын жинап, «Таңжарықтың басылым көрмеген шығармалары» жинағын шығарған. «Қайран шешем», «Ой түбінде жатқан сөз» жинақтарына автордың соңғы жылдары жазған шығармалары енген.

Бетті дайындаған Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

Елордалық балалар жаңа жылдық қойылымға қатысты. Іс-шара «Нұр әлем» көрме орталығында өтті.

Есіл ауданы әкімінің аппараты 300-ден астам балаға сүйікті мультфильм кейіпкерлері мен аниматорлардың қатысуымен мерекелік бағдарлама ұйымдастырды.

Кішкентай қонақтарды аудан әкімінің орынбасары Дәрменяр Қыдырбекұлы құттықтады. Іс-шара соңында балаларға тәтті сыйлықтар табыс етілді.





Астана: қыс вақайыттары

Мерекелік іс-шаралар ЭКСПО халықаралық көрме орталығының аумағында елорданың бас шыршасын жағу салтанатты рәсімінен басталды. Бас шыршаның биіктігі – 25 метр. Ол сәнді ойыншықтармен, өрнектермен, түрлі түсті гирилендалармен безендірілген. Жоғары жағында 2 метрлік ұлпа қар іспеттес жарық-ойыншық орналасқан. «Нұр әлем» сферасының маңайы қысқы ойын-сауық үшін жабдықталған. Мұнда жаңа жылдық фотоаймақ, жәрмеңке, мұз айдыны, слайдтар бар.

Елорданың 5 ауданында 30-ға жуық мерекелік шырша жағылды. Жаңа жылға дейін 60-қа жуық сырғанақ пен мұз айдыны ашылады. Олардың барлығы елорда тұрғындары мен қонақтары үшін тегін болады деп хабарлады қалалық Урбанистика орталығы. Көше бойында орналасқан түрлі жарықдиодты фигуралар, жарықдиодты жарықтандыруы бар арт-нысандар астаналықтардың жаңа жылдық көңіл күйін көтеретіні сөзсіз. Енді аудандардағы мұз айдыны мен сырғанақтар туралы ақпарат берейік.

Алматы ауданы. Қазақ елі алаңы: сырғанақтар, мұз айдыны; Триатлон паркі: сырғанақтар, мұз айдыны;

АСТАНА ЖАҢА 2024 ЖЫЛДЫ ҚАРСЫ АЛУҒА ДАЙЫНДАЛУДА. ӘСІРЕСЕ КЕШКІ МЕЗГІЛДЕ ЕЛОРДАНЫҢ КӨШЕЛЕРІ, БУЛЬВАРЛАРЫ МЕН ДАҒҒЫЛДАРЫНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ЖАРЫҚ ШАМДАР ҚАЛАҒА ЕРЕКШЕ КӨРІК БЕРІП ТҰР.

Президент паркі: сырғанақтар, мұз айдыны; Оқушылар сарайы: сырғанақтар; «Нұрлы жол» теміржол вокзалы: сырғанақтар; Сарайшық шағын ауданы: сырғанақтар; Железнодорожный, Промышленный, Интернациональный, Күйгенжар тұрғын алаптары: әр массивте бір сырғанақ; «Арқар» көпірінің астында: мұз айдыны.

Нұра ауданы. Орталық саябақ: сырғанақ, мұз айдыны; «Хан Шатыр» СОО жанындағы аумақ: екі сырғанақ және мұз айдыны; «Азия Парк» СОО: сырғанақ; Үркер тұрғын алабында орналасқан Айғыржал көшесінің бойындағы сквер: сырғанақ.

Сарыарқа ауданы. Бөгенбай батыр даңғылы, 43 бойындағы сквер: мұз айдыны; қалалық алаң: екі сырғанақ және мұз айдыны; «Көктал» саябағы: екі сырғанақ және мұз айдыны; Кенесары хан ескерткішінің жанындағы Есіл өзенінің жағалауы: 6 сырғанақ және мұз айдыны; Оқжетпес-А.Герцен

көшелерінің қиылысы: сырғанақ.

Байқоңыр ауданы. Жастар сарайы: сырғанақ, мұз айдыны, слайдты жабдықтау жоспарлануда, сондай-ақ жаңа жылдық шырша орнатылады; Ататүрік саябағы: мұз айдыны, слайд; Жазушылар аллеясы: осы учаскеде слайдты жабдықтау, шыршалар, жаңа жылдық инсталляциялар орнату жоспарлануда; Өндіріс тұрғын алабы: мұз айдыны мен сырғанақ; Кирпичный тұрғын алабы: мұз айдыны, сырғанақ; Казгородок тұрғын алабы: сырғанақ, шырша; СМП (Кеншілер көшесі 5, 126-көше) тұрғын алабы: слайдтар мен шыршалар орнатылады; Қоянды (Алаш тасжолы) тұрғын алабы: слайд, шырша орнатылады.

Орталық алаңда жасыл шырша безендірілген. Мұнда үлкен сырғанақ, мұз айдыны, мұз қоршауында шанасы бар бұғы, жарықтандырылған фотоаймақтар орнатылды.

Карина КУЩАНОВА

